8. Итина М.А., Яблонский Л.Т. Мавзолеи Северного Тагискена. Поздний бронзовый век Нижней Сырдарьи. М.: Вост. лит., 2001. 295 с.
9. Курманкулов Ж., Переводчикова Е., Жетибаев Ж., Утубаев Ж., Искаков А., Тажекеев А., Дарменов Р. Отчет об археологических исследованиях на городище Чирик-рабат и в его окрестностях в 2007 г. // Отчет об археологических исследованиях по государственной программе «Культурное наследие» в 2007 г. / Ред. Байпаков К.М. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2008. С. 205-210.
10. Курманкулов Ж., Жетибаев Ж., Переводчикова Е., Утубаев Ж., Тажекеев А., Дарменов Р. Археологические работы на городище Чирик-Рабат в 2008 г. // Отчет об археологических исследованиях по государственной программе «Культурное наследие» 2008 г. / Отв. ред. Смаилов Ж.Е. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2009. С. 198-201.
11. Курманкулов Ж., Утубаев Ж. Баланды (Буланды) – памятник античности. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2013. 148 с.
12. Курманкулов Ж., Утубаев Ж. Новые исследования на памятнике Чирик-Рабат // Цивилизации Великого Шелкового пути из прошлого в будущее: перспективы естественных, общественных, гуманитарных



- наук. М-лы науч. конф. МИЦАИ (Самарканд, 28–29 сентября 2017 г.) / Отв. ред. Мустафаев Ш.М. Самарканд: МИЦАИ, 2017а. С. 397-413.
13. Курманкулов Ж., Утубаев Ж. Чирикрабатская культура Восточного Приаралья // Казахстан в сакскую эпоху. Коллективная монография. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2017б. С. 191-211.
  14. Курманкулов Ж., Утубаев Ж. Р. Сенгир-там 2: Новые исследования на памятнике в Восточном Приаралье // Самарский научный вестник. 2019. Т. 8, № 4 (29). С. 138-144
  15. Левина Л.М. Поселения VII–V вв. до н. э. и «шлаковые» курганы южных районов Сырдарьинской дельты // Кочевники на границах Хорезма / Отв. ред. Итина М.А. (ТХАЭЭ). М.: Наука, 1979. Т. XI. С. 176-185.
  16. Литвинский Б.А. Храм Окса в Бактрии (Южный Таджикистан). Бактрийское вооружение в древневосточном и греческом контексте. М.: Восточная литература, 2001. Т. 2. 528 с.
  17. Лоховиц В.А. Раскопки квадратного погребального сооружения на городище Чирик рабат // Полевые исследования Хорезмской экспедиции в 1958–1961 гг. (МХЭ) / Ред. Толстов С.П., Воробьева М.Г. М.: Академия наук СССР, 1963. Вып. 6. С. 214-221.
  18. Мошкова М.Г. Памятники прохоровской культуры / САИ. 1963. 56 с. + 32 табл.
  19. Смирнов К.Ф. Вооружение савроматов / МИА. 1961. 162 с.
  20. Тажекеев А.А. История обводнения южных протоков нижней Сырдарьи по археологическим данным. Жаныдарья // Труды ФИА. Астана: ФИА, 2013. Т. 2. С. 65-74.
  21. Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. М.; Л.: Академия наук СССР, 1948. 326 с.
  22. Толстов С.П. Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция 1955–1956 гг. // СА. 1958. № 1. С. 106-134.
  23. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М.: Восточная литература, 1962а. 322 с.
  24. Толстов С.П. Результаты историко-археологических исследований 1961 г. на древних руслах Сырдарьи // СА. 1962б. № 4. С. 124-148.
  25. Толстов С.П., Воробьева М.Г., Рапопорт Ю.А. Работы Хорезмской археолого-этнографической экспедиции в 1957 г. // МХЭ. М.: Академия наук СССР, 1960. Вып. 4. С. 3-63.
  26. Толстов С.П., Жданко Т.А., Итина М.А. Работы Хорезмской археолого-этнографической экспедиции АН СССР в 1958–1961 гг. // МХЭ. М.: Академия наук СССР, 1963. Вып. 6. С. 3-91.
  27. Трудновская С.А. Круглое погребальное сооружение на городище Чирик-рабат // МХЭ. М.: Академия наук СССР, 1963. Вып. 6. С. 201-214.
  28. Утубаев Ж.Р., Дарменов Р. Подбойный тип погребальных сооружений на городище Чирик Рабат // Известия НАН РК. Сер. обществ. и гум. наук. 2017. № 1 (311). С. 25-34
  29. Хазанов А.М. Очерки военного дела сарматов. М.: Наука, 1971. 172 с.

#### REFERENCES

1. Andrianov, B. V. 1991. In: Kuznetsov, N. T. (ed.). *Aralskiy krizis: prichiny vozniknoveniya i puti vykhoda (The Aral crisis: causes and ways out)*. Moscow: Miklukho-Maklay Institute of Ethnology and Anthropology, 101-122 (in Russian).
2. *Arkheologicheskie i etnograficheskie raboty Khorezmskoy ekspeditsii. 1945–1948 (Archaeological and ethnographic works of the Khorezm expedition. 1945–1948)*. 1952. Moscow: Academy of sciences USSR (in Russian).
3. Bolelov, S. B., Utubayev, Zh. R. 2020. In: *Қазақстан археологиясы (Kazakhstan Archeology)*, 1 (7), 69-88 (in Russian).
4. Vaynberg, B. I. 1999. *Etnogeografiya Turana v drevnosti (Ethnogeography of Turan in ancient times)*. Moscow: “Vostochnaya literatura” Publ. (in Russian).
5. Vaynberg, B. I., Levina, L. M. 1993. *Chirikrabatskaya kultura. – Nizovaya Syrdarii v drevnosti (Chirikrabat culture. – The lower reaches of the Syr Darya in ancient times)*. Moscow: Miklukho-Maklay Institute of Ethnology and Anthropology (in Russian).



6. Vishnevskaya, O. A. 1973. *Kultura saksikh plemen nizovev Syrdari v VII–V vv. do n.e. (Culture of the Saka tribes of the lower reaches of the Syr Darya in the 7<sup>th</sup>–5<sup>th</sup> centuries BC)*. Moscow: “Nauka” Publ. (in Russian).
7. Itina, M. A., Yablonskiy, L. T. 1997. *Saki nizhney Syrdari (Sakas of the lower Syr Darya)*. Moscow: Russian Political Encyclopedia Publ. (in Russian).
8. Itina, M. A., Yablonskiy, L. T. 2001. *Mavzolei Severnogo Tagiskena. Pozdnyy bronzovyy vek Nizhney Syrdarii (Mausoleums of Northern Tagisken. Late Bronze Age of the Lower Syr Darya)*. Moscow: “Vostochnaya literatura” Publ. (in Russian).
9. Kurmankulov, Zh., Perevodchikova, Ye., Zhetibayev, Zh., Utubayev, Zh., Iskakov, A., Tazhekeyev, A., Darmenov, R. 2008. In: Baipakov, K. M. (ed.). *Otchet ob arheologicheskikh issledovaniyakh po gosudarstvennoy programme “Kulturnoe nasledie” v 2007 g. (Report on archaeological research under the state program “Cultural Heritage” in 2007)* Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 205-210 (in Russian).
10. Kurmankulov, Zh., Zhetibayev, Zh., Perevodchikova, Ye., Utubayev, Zh., Tazhekeyev, A., Darmenov, R. 2009. In: In: Smailov, Zh. E. (ed.). *Ochet ob arheologicheskikh issledovaniyakh po gosudarstvennoy programme “Kulturnoe nasledie” 2008 g. (Report on archaeological research under the state program “Cultural Heritage” in 2008)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 198-201 (in Russian).
11. Kurmankulov, Zh., Utubayev, Zh. 2013. *Balandy (Bulandy) – pamyatnik antichnosti (Balandy (Balandy) is a monument of antiquity)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology (in Russian).
12. Kurmankulov, Zh., Utubayev, Zh. 2017a. In: Mustafaev, Sh. M. (ed.). *Tsivilizatsii Velikogo Shelkovogo puti iz proshlogo v budushchee: perspektivy estestvennykh, obshchestvennykh, gumanitarnykh nauk (Civilizations of the Great Silk Road from the past to the future: Perspectives of Natural, Social, and Humanitarian Sciences)*. Samarkand: IICAS, 397-413 (in Russian).
13. Kurmankulov, Zh., Utubayev, Zh. 2017b. In: *Kazakhstan v sakskeyu epokhu Kollektivnaya monografiya (Kazakhstan in the Saka era. Collective monograph)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 191-211 (in Russian).
14. Kurmankulov, Zh., Utubayev, Zh. R. 2019. In: *Samara Scientific Bulletin*, 8, no. 29, 138-144 (in Russian).
15. Levina, L. M. 1979. In: Itina, M. A. (ed.). *Kochevniki na granitsakh Khorezma (Nomads on the borders of Khorezm)*. Moscow: “Nauka” Publ., 176-185 (in Russian).
16. Litvinskiy, B. A. 2001. *Khram Oksa v Baktrii (Yuzhnyy Tadjikistan). Baktriyskoye vooruzheniye v drevnevostochnom i grecheskom kontekste (The temple of Oxus in Bactria (Southern Tajikistan). Bactrian armament in the ancient Eastern and Greek context)*. Moscow: “Vostochnaya literatura” Publ. (in Russian).
17. Lohovits, V. A. 1963. In: Tolstov, S. P., Vorobieva, M. G. (eds.). *Polevye issledovaniya Khorezmskoy ekspeditsii v 1958–1961 gg. (Field research of the Khorezm expedition in 1958–1961)*, 6. Moscow: Academy of Sciences of the USSR, 214-221 (in Russian).
18. Moshkova, M. G. 1963. *Monuments of Prokhorov culture (Monuments of Prokhorov culture) A set of archaeological sources* (in Russian).
19. Smirnov, K. F. 1961. *Vooruzheniye savromatov (Armament of sauromats)*. Materials and research on archaeology (in Russian).
20. Tazhekeyev, A. A. 2013. In: *Proceedings of the Branch of the Margulan Institute of Archaeology*, 2, 65-74 (in Russian).
21. Tolstov, S. P. 1948. *Po sledam drevnekhozmiyskoy tsivilizatsii (In the footsteps of the ancient Khorezmian civilization)*. Moscow; Leningrad: Academy of Sciences of the USSR (in Russian).
22. Tolstov, S. P. 1958. In: *Sovetskaya arheologiya (Soviet archaeology)*, 1, 106-134 (in Russian).
23. Tolstov, S. P. 1962a. *Po drevnim deltam Oksa i Yaksarta (Along the ancient deltas of the Oxus and Jaxartes)*. Moscow: “Vostochnaya literatura” Publ. (in Russian).
24. Tolstov, S. P. 1962b. In: *Sovetskaya arheologiya (Soviet archaeology)*, 4, 124-148 (in Russian).



25. Tolstov, S. P., Vorobyeva, M. G., Rapoport, Yu. A. 1960. In: Raboty Horezmskoi arheologo-etnograficheskoi ekspeditsii v 1957 g. (*The works of the Khorezm archaeological and Ethnographic expedition in 1957*) (*Materials of the Khorezm expedition*), IV. Moscow: Academy of Sciences of the USSR, 3-63 (in Russian).
26. Tolstov, S. P., Zhdanko, T. A., Itina, M. A. 1963. In: Raboty Horezmskoi arheologo-etnograficheskoi ekspeditsii AN SSSR v 1958–1961 gg. (The works of the Khorezm Archaeological and Ethnographic Expedition of the USSR Academy of Sciences in 1958-1961.) (*Materials of the Khorezm expedition*). Moscow: Academy of Sciences of the USSR, VI. 3-91 (in Russian).
27. Trudnovskaya, S. A. 1963. In: Krugloe pogrebalnoe sooruzenie na gorodise Chirik-rabat (Round burial structure on the hillfort Tweet-rabat) (*Materials of the Khorezm expedition*), VI. Moscow: Academy of Sciences of the USSR, 201-214 (in Russian).
28. Utubayev, Zh. R., Darmenov, R. 2017. In: *Podboinyi tip pogrebalnyh sooruzeni na gorodise Chirik Rabat (The type of burial structures on the settlement of Chirik Rabat) Proceedings of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*, 1 (311), 25-34 (in Russian).
29. Khazanov A.M. 1971. *Ocherki voyennogo dela sarmatov (Essays on military affairs of the Sarmatians)*. Moscow: “Nauka” Publ. (in Russian).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.  
/ Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.  
/ Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.  
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.  
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 04.02.2022.  
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 10.03.2022.  
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 10.03.2022.





## Сырдарияның сол жағалауындағы қалалардың археологиялық шежіресі: Сүткент және Аркук

© 2022 ж. Талеев Д.Ә.

**Keywords:** archaeology, cities, Sutkent, Arkuk, sources, research, excavations

**Түйін сөздер:** археология, қалалар, Сүткент, Аркук, деректер, зерттеулер, қазбалар

**Ключевые слова:** археология, города, Суткент, Аркук, источники, исследование, раскопки

**Dokey Taleev<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher, Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan. E-mail: [doc19\\_59@mail.ru](mailto:doc19_59@mail.ru)

### Archaeological chronicle of the left-bank cities of the Syr Darya: Sutkent and Arkuk

**Abstract.** The most important place in historical science takes the relationship between nomadic and settled peoples, the links between cities and steppes. The cities in the middle reaches of the Syr Darya, located at the junction of the Desht-i-Kipchak steppes and settled agricultural areas, were of great importance in the life of nomads. Comparing the written data and the data of archaeological research, the results of the examination show that many cities of the Kazakh land have a 2000-year and even more ancient history. Excavations carried out on the ruins of large cities in the south show that cities such as Otrar, Sauran, Shymkent, Taraz have been formed for two thousand years or more. There are still many ancient cities on our land, the history of which has not yet been determined. These include cities that existed on the left bank of the middle course of the Syr Darya River. This article is devoted to the analysis of written sources and archaeological data on the cities of Sutkent and Arkuk dating from the 1st century AD. Archaeological research conducted on the left bank of the Syr Darya has shown that the cities of Sutkent and Arkuk have changed places three times in their history. They alternate chronologically. The ruins of the three periods are located close to each other.

**Acknowledgement:** The work was carried out within the framework of program-targeted funding of the Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, project IRN OR11465466-OT-21, topic: "The Great Steppe in the context of ethnocultural studies".

**For citation:** Taleev, D. 2022. Archaeological chronicle of the left-bank cities of the Syr Darya: Sutkent and Arkuk. *Kazakhstan Archeology*, 1 (15), 57-69 (in Kazakh). DOI: [10.52967/akz2022.1.15.57.69](https://doi.org/10.52967/akz2022.1.15.57.69)

#### Талеев Докей Әбдікерімұлы

тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы қ., Қазақстан.  
E-mail: [doc19\\_59@mail.ru](mailto:doc19_59@mail.ru)

#### Сырдарияның сол жағалауындағы қалалардың археологиялық шежіресі: Сүткент және Аркук

**Аннотация.** Тарих ғылымында көшпелі және отырықшы халықтардың өзара қарым-қатынасы,

#### Талеев Докей Абдикеримович<sup>1</sup>

<sup>1</sup>кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник, Институт археологии им. А.Х. Маргулана, г. Алматы, Казахстан.  
E-mail: [doc19\\_59@mail.ru](mailto:doc19_59@mail.ru)

#### Археологическая летопись левобережных городов Сырдарьи: Суткент и Аркук

**Аннотация.** Важнейшее место в исторической науке принадлежит изучению вопросов взаимоотношений



қалалар мен дала арасындағы байланыс аса маңызды орын алады. Дешті Қыпшақ даласы мен отырықшы-жер өңдеуші аудандардың түйіскен жеріндегі Сырдарияның ортаңғы ағысында орналасқан қалалар көшпелілер өмірінде аса маңызға ие болды. Жазба деректер мен археологиялық зерттеу жұмыстары мәліметтерін салыстыра отырып, сараптау нәтижелері қазақ жеріндегі көптеген қалалардың 2000 жылдық, тіпті одан да көп тарихы бар екендігін көрсетуде. Ежелгі тарихы әлі анықталмаған қалалар біздің жерімізде аз емес. Сондай қалалар Сырдария өзенінің ортаңғы ағысының сол жағалауында да болған. Мақалада археологиялық зерттеулер мен жазба деректер мәліметтері 2000 жыл жасағанын растайтын Сүткент пен Арқук қалалары жайлы айтылады. Сырдарияның сол жағалауында жүргізілген археологиялық зерттеулер Сүткент пен Арқук қалаларының өз тарихында үш рет орын ауыстырғанын анықтады. Олар хронологиялық жағынан кезектесіп келеді. Қалалардың үш кезеңдегі орындары бір-біріне жақын орналасқан.

**Алғыс:** Жұмыс ҚР БҒМ Ғылым комитетінің нысаналы-бағдарламалық қаржыландыруы жоба ЖТН OR11465466-ОТ-21, «Этномәдени зерттеулер контекстіндегі Ұлы Дала» тақырыбы шеңберінде орындалды.

**Сілтеме жасау үшін:** Талеев Д.Ә. Сырдарияның сол жағалауындағы қалалардың археологиялық шежіресі: Сүткент және Арқук. *Қазақстан археологиясы*. 2022. № 1 (15). 57-69 -бб. DOI: [10.52967/akz2022.1.15.57.69](https://doi.org/10.52967/akz2022.1.15.57.69)

### *Кіріспе*

Бүгінгі күнге дейінгі археологиялық зерттеулер нәтижесі Қазақстан жерінде отырықшы егіншіліктен өрбіген қала мәдениеті бұдан мыңдаған жылдар бұрын қалыптасып, үздіксіз дамығандығын көрсетеді. Тарихымызда қала мәдениетінің ұйтқысы болған орталықтарды археологиялық тұрғыдан бірнеше өңірлерге бөліп қарастыру қалыптасқан. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Шу-Талас өңірі, Сырдарияның ортаңғы ағысы, Арал маңы, Қаратау бауырайлары, т. т. Сырдарияның ортаңғы ағысы отырықшы мәдениеттің ежелден қалыптасқан жер өңдеуші өңірден біртіндеп қалалық мәдениетке ұласқан аймақ болып есептеледі. Қазіргі ғылымда көшпелі және отырықшы халықтардың өзара қарым-қатынасы барысында қалыптасқан қалалардың біртіндеп кеңейіп, көркеюінің болашақ мемлекет қалыптасуына қосқан үлесін зерттеу өзекті тақырыптардың бірі. Осыған байланысты Сырдарияның ортаңғы ағысындағы – Сүткент, Қауғанат, Арқук, Аққорған және Өзкент қалаларының Қазақ жерінде мемлекеттіктің қалыптасып, дамуына қосқан ролі аса зор (1-сур.). Осылардың ішінде біздің зерттеу нысанамызға айналып отырған Сүткент пен Арқук қалаларының тарихи шежіресін жазба және археологиялық деректер негізінде таратып көрейік.

ношения кочевых и оседлых народов, выявлению связей, существовавших между городом и степью. Города, расположенные на среднем течении Сырдарьи – на стыке Дешт-и-кыпчакских степей и оседло-земледельческих районов, имели большое значение в жизни кочевников. Сопоставляя письменные источники и данные археологических исследований можно заключить, что многие города казахской земли имеют 2000-летнюю и даже более древнюю историю. Раскопки, проведенные на развалинах крупных городов (Отрар, Сауран, Шымкент, Тараз), расположенных на юге Казахстана показывают, что они формировались в течение 2000 и более лет. На территории нашей страны еще есть немало древних городов, история которых еще не определена. К таким относятся города которые существовали и на левом берегу среднего течения реки Сырдарья. Данная статья посвящена анализу письменных источников и археологических данных о городах Сүткент и Арқук, датируемых I в. н.э. Археологические исследования, проведенные на левом берегу Сырдарьи, показали, что эти два города за свою историю трижды меняли свое расположение, которые чередуются в хронологическом порядке. Эти развалины находятся на близком друг от друга расстоянии.

**Благодарности:** Работа выполнена в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки МОН РК, ИРН проекта OR11465466-ОТ-21, тема: «Великая Степь в контексте этнокультурных исследований».

**Для цитирования:** Талеев Д.А. Археологическая летопись левобережных городов Сырдарьи: Сүткент и Арқук. *Археология Казахстана*. 2022. № 1 (15). С. 57-69 (на каз. яз.). DOI: [10.52967/akz2022.1.15.57.69](https://doi.org/10.52967/akz2022.1.15.57.69)



### Зерттеу әдістері

Мақаланың негізгі арқауы археологиялық зерттеулер барысында алынған нақты материалдар мен жазба деректердегі мәліметтер. Мақаланы дайындау барысында Сырдарияның сол жағалауында жүргізілген археологиялық барлау мен зерттеулер жайлы есептер, архив материалдары және баспасөз беттерінде жарыяланған ғылыми мақалалардың мәліметтері пайдаланылды.

**Сүткент.** Сырдарияның сол жағалауындағы Сүткент қаласы туралы X–XV ғғ. аралығындағы араб, парсы тілінде жазылған деректерде аз да болса кездеседі. Қала туралы алғаш X ғ. өмір сүрген



1-сур. Сырдарияның сол жағалауындағы ортағасырлық қалалардың орналасу картасы

Fig. 1. Map of medieval cities on the left bank of Syr Darya

Рис. 1. Карта расположения средневековых городов на левобережье Сырдарьи



саяхатшы Ибн Хаукаль өзінің «Китаб ал месалик ва-л-мемалик» – атты кітабында жазады. Онда мынадай мәлімет айтылады «(Шаш өзені) – бұл өзен, өзіне түрік және ислам елдерінде келіп қосылатын өзендер есебінен көбейеді. Оның негізгі бастауы Өзкент округіндегі түрік елінен басталады, кейіннен оған Харшаб, Урасан, Куба, Джидгил т. б. өзендер қосылады, ол үлкейіп, су қоры молаяды. Әрі қарай ол Ахсикенттің жанынан өтіп, Ходжент, Бенекет арқылы Сүткентке жетеді. Одан әрі Фарабтан өтіп, Сауранның шекарасына барғанда жағасын түрік-оғыздар жайлаған шөлді аймақпен ағады» [Ибн-Хаукаль 2005: 8, 9]. Ондағы Ибн-Хаукаль айтып отырған Шаш өзені – деректерде Аракс, Яксард, Сейхун, Шаш, Гулзария, Сыр деген атаулармен белгілі Сырдария өзені.

Ибн Хаукаль жазбасында қала туралы тағы да мынадай мәлімет жазып кеткен. Ол «Сүткент Шаш (Сырдария) өзенінің батысында жатыр. Онда мешіт бар. Мешітке түріктердің ислам дінін қабылдаған оғыз, қарлұқ тайпалары жиналады. Олар – батыл жауынгерлер. Түркілермен соғысады. Түркілердің оларға шамасы келмейді», - дейді [Ибн-Хаукаль 2005: 8, 9]. Испиджаб округі жайлы айта келіп «<...> Оның маңындағы (Испиджаб) қалалардың қатарында Бадухкет, Субаникет, Тараз, Атлах, Шельджи, Кедер, Сүткент, Шавгар, Сауран және Весидж бар. Субаникет – Канджид округінің басты қаласы <...>», - деп көрсетеді [Байпаков 2016: 50]\* (\*Аудармасы автордікі).

Дәл осыған ұқсас мәліметті Х ғ. 30-жылдары жазылған еңбегінде араб географы әл-Истахри да келтірген [Әл-Истахри 1973: 29–30].

Ал, Х ғ. авторы белгісіз «Худудал-алам» атты парсы тілінде жазылған географиялық шығармада қала туралы былай деп жазылған. «Сүткент – өзен жағасында орналасқан және молшылыққа кенелген қала. (Оның) тұрғындары жауынгер келеді. Ол бейбіт түріктердің шоғырланған жері, олардың рулары (кабиле) ішінен көпшілігі мұсылмандықты қабылдаған» [Ибн-Хаукаль 2005: 9–10].

IX ғ. Сүткент қаласы қарлұқтардың қол астында болды. Ал, Х ғ. қаланы оғыздар мекендесе керек. Осы тұста оғыздар Сырдарияның сол жағалауында көшіп жүргені жайлы мәліметтер бар. Олар Х ғ. Сырдарияның сол жағалауымен Фараб аймағына кіріп, Сүткент қаласына дейін жеткен [Әл-Истахри 1973: 29–30]. Махмуд Қашқари мәлімдеуінше Сырдарияның ортаңғы ағысында отырықшы мекендер болған. Олардың қатарында Сауран, Сүткент, Сығанақ және Қарнак қалалары бар [Қашқари 1997: 469, 502, 532, 534]. Қалалардың негізгі тұрғындары ятұқтар (жатақтар) деп аталған. Махмуд Қашқари «бұл қалаларда тұратын оғыздар басқа жерге көшпейді, соғыспайды, сондықтан оларды ятұқтар (жатақта) деп атаған».

Махмуд Қашқаридан кейін қаланың аты ұзақ уақыт жазба деректердің беттерінде кездеспейді. Ол туралы мәуренахыр мен монғол дәуіріне қатысты деректерде де мәлімет жоқ. Тек 1404–1405 жж. қысында Самарқаннан Отырарға сапары барысында Ақсақ Темір Сүткент арқылы өткені жайлы Шереф ад-дин Йездиде қысқаша мәлімет сақталған [Бартольд 1965: 224].

К.М. Байпақовтың пікірі бойынша Сырдарияның сол жағалауларына дейін жеткен оғыз көштері Фараб өңірі мен Арыс өзенінің ортаңғы ағысындағы Кенджид өңірін де қамтыған. Арыс өзенінің Сырдарияға құяр тұсынан бастап өзеннің екі бетін тұтас алып жатқан Фараб өлкесінің құрамына Х–XII ғғ. Сүткент қаласы да кірген [Байпаков 2007: 36].

Сүткент қаласына қатысты қолда бар деректер әзірге осы ғана. Қаланың қалыптасу және даму динамикасы жайлы қосымша мәліметтерді археологиялық зерттеулер нәтижелері бойынша толықтыруға болады.

#### *Сүткенттің орнында жүргізілген археологиялық зерттеу*

Түркістан археологиялық үйірмесінің мүшелерінің бірі Н.О. Руднев 1900 ж. Сырдарияның сол жағалауындағы бірнеше қалалардың орындарында (Ұзын-Ата, Сүткент, Байырқұм, Жартытөбе, Ра-




бат, Қауған-Ата, Артық-Ата, т. т.) болып, солардың ішінде жақсы сақталғаны және аумағы жағынан едәуір көлемдісі Сүткенттің орны деп көрсетті. Ол қаланың қираған орнында сақталған бедерін сызып, жобасын алғаш түсірді. Қаланың топографиясын, қорғаныс құрылыстарын және орталық бөлігіндегі құрылыстарының орналасу жүйесін сипаттап жазды [Руднев 2011: 230–232]. Руднев жобасын түсірген қала Сүткенттің гүлденген кезінің орны (Шыңғыстөбе) болатын.

1949 ж. Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (А.Н. Бернштам) Сүткент қаласының орнын екі жерден анықтап, оларды Сүткент I, II деп белгілеген. Экспедиция мүшелері олардың жобасын қағазға түсіріп, көлемдерін өлшеп, топографиясын сипаттап жазды. Салынған кішігірім барлау қазбасы мен ескерткіштердің үстінен жиналған материалдар негізінде Сүткент I (Шыңғыстөбе) XV–XVI ғғ., ал Сүткент II XIX ғ. дейін өмір сүрген деген тұжырым жасаған [Агеева, Пацевич 1958: 119–121].

Дегенмен, 1960 ж. басылып шыққан «Археологическая карта Казахстана» атты жинақта біршама түзетулер жасалып, Сүткент I VI–XIII ғғ. аралығында, ал Сүткент II XIV–XVIII ғғ. аралығында өмір сүрген деп берілген [АКК 1960: 340]. Ал 1994 ж. жарық көрген «Свод памятников истории и культуры Казахстана» атты жинақ Сүткент туралы мәліметтер Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының (ОҚАЭ) мүшелері Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтің «Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана» атты еңбегінен көшіріліп берілген [Свод 1994: 333–334]. Демек, Сүткенттің орнында алғаш зерттеу жүргізілгеннен бері 70 жылдан асқан уақыт өткен және осыған дейін онда кең көлемдегі жан-жақты зерттеу жасалмаған. Алынған мәліметтер толық емес, көп жағдайда шындыққа сәйкес келе бермейді.

Деректерде осындай мәліметтермен әйгілі Сүткент қаласының орны бұл күнде Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданында, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы Қаракөл қойнауында сақталған. Талай тарихи уақытты басынан өткерген бір кездегі гүлденген қаланың атын сол жердегі ауыл осы күнге дейін мұра етіп жалғастырып келеді.

2009 ж. тамыз айында ОҚАЭ-ның Қазақ хандығы қалалары тобы (Д.А. Талеев) «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша бөлінген қаржыға Сырдария өзенінің сол жағалауындағы кейінгі ортағасырлық қалаларды тарихи-топографиялық тұрғыдан зерттеу мақсатымен археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. Сырдарияның сол жағалауында жүргізген археологиялық барлаудың нәтижесі аты жазба деректерде Х ғ. белгілі Сүткент қаласының шын мәнінде өмір сүрген уақыт жағынан кезектесіп келетін үш бірдей орында болғанын анықтады [Талеев 2010: 158–159]. Яғни бір кездегі бекіністі мекеннен біртіндеп ұлғайған қала өз тарихында бізге аса белгісіз себептермен үш дүркін орнын ауыстырған. Зерттеу барысында алынған тың деректер бойынша Сүткент туралы ғылымға осыған дейін белгілі мәліметтерге түзету енгізуді жөн көрдік. Сонымен біздің зерттеулерге сай қаланың ежелгі, ортағасырлық және Қазақ хандығы тұсындағы орындары осы күнгі Сүткент ауылының маңында (үш жерде) сақталған. Соңғы зерттеу мәліметтері қаланың алғашқы орны **Ақтөбе** қалашығы (оны біз Сүткен I деп атауды жөн көрдік) болғанын көрсетеді. Ақтөбе өзінің өмір сүрген уақыты жағынан Сүткент II мен Сүткент III тен едәуір ерте уақытқа жатады. Қалашық қазіргі Сүткент ауылынан оңтүстік-батыста 2 шақырым жерде сақталған. Қалашықтың орталық бөлігі төрт бұрышты келген, айнала дөңгелек шаһристан қоршаған бөрік тәріздес төбе (2-сур.). Төбенің жалпы ауданы 7,6 га. Ескерткіште бұрын қазба жүргізілмеген. Қалашықтың топографиясы б.д. бірінші мыңжылдығының алғашқы жартысына тән шаруашылық-әкімшілік орталықтарға ұқсас. Ескерткіштің үстінен жиналған заттай деректер IV–VIII ғғ. материалдарына сәйкес келеді. Ескерткіште қазба жұмыстары жүргізілмегендіктен оның іргетасы қашан қаланғаны жайлы дәл кесіп айту қиын. Ол үшін арнайы стратиграфиялық




2-сур. Сүткент қаласының алғашқы орны Ақтөбенің жобасы мен фото суреті

Fig. 2. Aktobe plan and photo – the original location of Sutkent

Рис. 2. План и фото Актобе – место первоначального расположения города Суткент

қазба салу керек. Дегенмен, Ақтөбеге ұқсас төрт бұрышты цитаделі ортасында, шаһристаны оны қоршай дөңгелектене орналасқан қалашықтар антикалық дәуірге жатады. Мәселен, Жуантөбе, Қараспantөбе қалашықтары [Железняков 2011: 96].

Сүткенттің келесі кезеңдегі орны (Біз берген атау бойынша Сүткент II) бұл күнде «Шыңғыстөбе» деп аталады. Ол төбе ауылдың солтүстік-батыс шетінде жатыр. Айнала тізбектеліп келген мұнаралардан түзілген ұзын қабырға қоршалған бұл қалашық 45 гектардан артық аумақты алып жатыр. Ұзын қабырғалардың сыртқы жағынан терең ор қазылған. Ордан тысқары аймақта болған көптеген жеке құрылыстардың қирандылары да сақталған (3-сур.).



3-сур. Сүткент қаласының екінші орны Шыңғыстөбенің жобасы мен фото суреті

Fig. 3. Shyngystobe plan and photo – the location of the second location of the city of Sutkent

Рис. 3. План и фото Шыңғыстөбе – место второго расположения города Суткент

Жер деңгейінен 4–5 м биік сақталған қаланың цитаделі батыс қабырғаның орта тұсында орналасқан. Оның көлемі: батыс қабырғасы 128 м, шығыс қабырғасы 98 м, солтүтік және оңтүстік қабырғалары 108 м. Цитаделдің қабырғаларының орта тұсы мен бұрыштарында дөңгелек мұнаралар болған. Қақпасы батыс қабырғасының орта тұсында. Қақпаның екі шетінде болған мұнаралар байқалады. Қабырғасы айнала ормен қоршалған. Үстінен жиналған қыш ыдыстардың әртүрлі сынықтары, сырланған және сырланбаған ыдыс қалдықтары және басқа да заттар, қалашықтың VIII–XIII ғғ. аралығында тіршілік кешкендігін білдіреді.



Біз салған барлау шұңқырынан май шам, дастархан, құмыра, құмған, көзе секілді ыдыстармен қатар темір қорытпалары, шыны ыдыстардың қалдықтары, өте нашар сақталған теңге табылды. Ибн Хаукал мен әл Истахри жазбалары мен авторы белгісіз шығарма «Худуд әл-Әлемде» айтылатын Сүткент қаласының орны осы Шыңғыстөбе қалашығы болар деп шамаладық.

Кейінгі ортағасырлық Сүткент қаласының Сүткент III (бұрынғы Сүткент II) орны Шыңғыстөбенің цитаделінен шығысқа қарай 1 шақырым жерде, қазіргі ауылдың оңтүстік шетінде болған. Оның орталық бөлігінің жобасын 1949 жылы ОҚАЭ түсірген. Сол кездегі өлшем бойынша жобасы тік бұрышқа ұқсас келген төбешіктің қабырғаларының ұзындығы оңтүстіккінде – 60, батысында – 200, солтүстігі – 280, шығысында 200 м, биіктігі 1,5 м. Сыртқы қабырғаларының бойында болған мұнаралардың іздері мен қазылған ордың ізі байқалады. Орта тұсында жарты шеңбер тәріздес төбешік бар [Агеева 1958: 119–121]. Өкінішке орай қазіргі күнде бұл ескерткіш нашар сақталған. Оның үстінен тұрғын үйлер мен жол түсіп кеткен. Шаруашылық және құрылыс жұмыстарының салдарынан бұзылған кейінгі ортағасырлық Сүткент қаласының орнын зерттеудің мүмкіндігі болмады. Жеке үй салу кезінде қазылған жерлерден XVI–XVII ғғ. жататын құмыралардың сынықтары табылған.

Сонымен 2009 ж. біз жүргізген зерттеу жұмыстарының тұжырымдарын бізге дейін жүргізілген зерттеулер нәтижелері мен жазба деректері мәліметтеріне байланыстыра отырып жасалатын ой тұжырым бойынша Сүткент қаласы ұзақ өмір сүрген үлкен қала болған. Қаланың орнын ауыстырған кездері қазақстан тарихында орын алған күрделі саяси-әлеуметтік белестермен тұспа тұс келеді. Айтпағымыз қазіргі Ақтөбе қалашығының орнында болған Сүткент оғыз қаңлы дәуірімен сәйкес келеді. Яғни, оғыздар осы аймаққа келгенге дейін болған Сүткент. Ал Сүткент II (Шыңғыстөбе) қалашығын монғол және Алтын орда тұсындағы Сүткенттің орны. Қазақ хандығы кезіндегі Сүткенттің орталық бөлігі ғана сақталған. Бұл күнде ол да жойылып кету тұсында. Жергілікті тұрғындардың айтуынша осы күнгі Сүткент ауылының көпшілік бөлігінен кейінгі ортағасыр бұйымдары жиі табылады. Қаланың құлдырауына себеп болған Шыңғысханның жорығы болуы да мүмкін. Төбенің осы күнгі атауы да (Шыңғыстөбе) сол оқиғалар туралы бір сырды бұғып жатқан сияқты. Үшінші Сүткент Қазақ хандығының дәуірімен тұспа-тұс келеді. Сол кездегі деректерде Сүткенттің кездеспеуі оның ірі қала емес кішігірім елді мекен болып қалуымен байланысты болар. Дегенмен, қаланың әр кездегі орнында келешекте жүргізілетін археологиялық зерттеулерге байланысты қосымша тұжырымды түйіндер жасалуы мүмкін.

Қорыта айтқанда ортағасырлық Сүткенттің қираған орнында жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесі қаланың екі мың жылға жуық өмір сүргенін көрсетеді. Қаланың жасын жуықтап айтып отырған себебіміз оның алғашқы орны Ақтөбе қалашығында қазба жұмыстары жүргізілмеген. Сондықтан қалашықтың іргесі қашан қаланғандығын анықтау мүмкін болмады. Тек ескерткіштің топографиялық жобасына қарап, оның антикалық қалашықтар тобына жататындығын айта аламыз. Ал оның төменгі қабатының қай ғасырға жататындығын келешекте жүргізілетін статиграфиялық қазба ғана көрсетеді.

**Аркук.** XV–XVI ғғ. Сыр өңірінде етек алған тарихи оқиғаларды сипаттайтын деректерде Дарияның сол жағалауындағы кішігірім бекініс қала – Аркук жиі айтылады. Оны Рубехан «Шайбани-ханның басқа бекіністерді жаулап алуының кілті», - деп атады [Пищулина 1969: 24]. Аркук жазба деректерде алғаш XV ғ. екінші ширегінен бастап кездеседі. Бекініс туралы алғаш Масуд ибн Османидің «Тарих-и Абу-л-хайр-хани» (Әбілхайыр ханның тарихы) атты еңбегінде айтылады. Онда Аркук Әбілхайыр ханның Түркістан қалаларына жасаған жорығы кезінде Сығанақ, Өзкент, Аққорған, Созақ қалалары секілді қарсылықсыз берілгені туралы баяндалады [Тарих-и Абу-л-хайр-



хани 1969: 159]. Аркук туралы біршама толымды сипаттама Фазлаллах ибн Рузбиханның «Михман-нама-йи Бухара» (Бұхарлық қонақтың жазбалары) атты еңбегінен кездестіреміз. Шығармада Аркук Бұқара мен Түркістанның шекарасындағы алланың шабағатына бөленген бекініс ретінде суреттелген. Ибн Рузбихан еңбегінің «Аркук бекінісінің сипаттамасы» атты бөлімінде оны былай суреттейді: «Түркістан бекіністерінің ішіндегі мәртебелім тоқтаған алғашқы жер Аркук бекінісі болды. Бұл бекініс Сейхун өзенінен бір фарсах жерде және Сейхунның батсында орналасқан. Ол арқылы жол Түркістанның шығысындағы Ясы, Сабрам бекіністері мен басқа да иеліктерге өтеді. Аркук бекінісі ғимаратары саны жағынан аса көп емес, азғана үйлерден тұрса да, оның берекелілігінен таңғаларлық нәрсе байқалады. Жеңіске жеткен жауынгерлердің барлығы осы жылы Аркук арқылы өтті. Самарқан мен Бұхара далаларынан шыққан, барлық жауынгерлердің бірде-біреуінде жеуге жарайтын азық болған жоқ. Өзбек және қазақ қалаларына бару үшін бір айдан артық уақытқа азық-түлік жинау туралы шешім қабылданды. Аркук қаласы Сейхунның сол жағалауында орналасқан басқа да кішігірім ауылдардың көмегімен әскерлерді нан және азық-түлікпен толық қамтамасыз етті. Бұл қалада дүкендер мен базарлар болмағандықтан және сатып алу-сатудың көп бөлігі тұрғындардың үйлерінде жүргізілгендіктен, жауынгерлер тұрғын үйлеріне түнеп шықты. Олардың керуендері мен түйелері әртүрлі қазынаға толы болды және Түркістанның көптеген ауылдары әл-ауқаты жағынан Аркук бекінісіне ұқсас және одан да көп екенін көрсетті. Бұл өте таңқаларлық мәселе, өйткені егер мұндай әскердің өтуі Мавераннахр, Хорасан, Ирак және Өзірбайжан елді мекендерінің көпшілігінде орын алса және оларға бір айға азық-түлік қажет болса, тақырға отырған көптеген тұрғындар астық іздеу барысында азаптар мен жазадан өліп кетуі мүмкін еді. Әскер өз қажеттіліктерін қанағаттандыра алмас еді, ал ол жерлер көркі мен көркейуін жоғалтып, тіпті ұзақ уақытқа дейін аудандар мен округтерде ешкім егістік жерлерге тұқым себілмес еді. Түркістан қалаларының бұндай көркейуі толығымен мәртебелім мен оның жергілікті уәкілінің шексіз мейіріміне және ұлы мәртебелі әміршімнің оған (Аркук қаласына) деген қайырымдылығымен байланысты» [Фазлаллах ибн Рузбихан Исфাহани 2007: 127–129].

Рузбихан өз еңбегінің «*Осы жолдарды жазушының науқастанып қалып, Сығанаққа жөнелгені жайлы әңгіме*» атты бөлімінде Аркук пен ол орналасқан өңір жайлы мынадай мәлімет келтірілген: «Аркук бекінісі аймағына алғаш келген күні, хан орналаспастан бұрын, алдымен бекіністен биік жерге көтеріліп, оны (бекіністі) ат үстінде жан-жақты бақылап шықты. Сосын мен бейбақты жалғыз, өзімді биіктің басына шақырып алып, өзіме маған мейірімді ықылас білдірді және басқа бекіністерді алудың кілті болған осы бекіністі қалай жаулап алғаны жайлы жәйіттерді егжей-тегжейлі әңгімелеп берді. Сосын ол қамқорлы да рухты мейіріммен мыналарды айтты: «Біз қазақтарға жорыққа аттану жайлы нақты шешім қабылдадық. Сіз бізге Түркістанның басы болатын осы жерге дейін ілесіп келдіңіз. Осы Аркук бекінісінің маңында Сейхуннан Иассы қаласына қарай өткел бар. Ол жерде заманның әулиесіне айналған қасиетті данышпан Қожа Ахмед Йасаудің мазары бар. Қазір кеңес былай, арғы жағаға өтіп, сол сәулесін шашқан мазарат пен қасиетті мұнара орналасқан аймаққа барып, біздердің атымыздан құлшылық етіп, құран бағыштасаңыз. Біз қазақтарға бағытталған қасиетті жорықтан оралғанша әлемнің баспанасына айналған сол жерде дем ала тұрсаңыз» [Фазлаллах ибн Рузбихан 2007: 142–143].

XVI ғ. басында жазылған «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» атты авторы белгісіз шығармада Аркук Сырдария өзенінің сол жағалауы арқылы өткен керуен жолының бойындағы қала ретінде аталады және Жәнібек ханның ұлы Бұрындық ханның оны 40 күн қоршап ала алмағаны жайлы баяндалады [Таварих-и гузида-йи нусрат-наме 1969: 28–29]. Аркук пен Қуджан қалалары маңында Бузахар-сұлтанның жасақтары құрылғаны туралы Х. Таныштың «Шараф-нама-йи шахи» атты шығармасында мәлімет келтірілген [Хафиз Таныш 2007: 258, 260].





Қазақ хандығы тұсындағы жазба деректерде келтірілген дәйекті мәліметтер Аркутің қала тектес бекініс бола тұра аса бір берекелі мекен екендігін аңғартады. Қазақ хандығы тарихына қатысты деректерде ерекше сипатталған бекініс қаланың орнын Бұзық қалашығы екендігін алғаш Байпақов айтты. Ол қалашықты үстінен жиналған материалдар негізінде XV–XVIII ғғ. аралығымен мерзімдеді [Байпақов 1977: 206; 2014: 98]. Біз де Байпақовтың тұжырымы дұрыс ойлаймыз. Оны соңғы жүргізілген зерттеулер толығымен растап отыр.

#### *Аркуктың орнында жүргізілген археологиялық зерттеу*

Ал енді Аркук қаласының қалыптасып даму жолын (шежіресін) археологиялық зерттеулер бойынша таратар болсақ, жобасы дөңгелек келген Бұзық қалашығы бұған дейін бірнеше дүркін зерттеліп, бақыланған. Алғаш ескерткішті көріп, сипаттаған Ресей археологиялық комиссиясының мүшесі И.А. Кастанье [Кастанье 1916: 52] болатын. 1947 ж. Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Ақкөл қойнауында қатар жатқан ежелгі қала орындары Артықата мен Бұзықта алғашқы зерттеулер жүргізді. Алынған заттай мәліметтер негізінде оларды X–XV ғғ. аралығымен мерзімдеп, алғашқысын ежелгі, екіншісін кейінгі Аркуктың орны болуы мүмкін деген болжам жасаған [Агеева, Пацевич 1958: 126, 127]. Археологическая карта Казахстана жинағында қалашық қабырғаларының ұзындығы солтүстіктен оңтүстікке қарай 350 м., батыстан шығысқа қарай 330 м, айнала 1–1,5 м дуалмен қоршалған сегіз бұрышты деп берілген. Өмір сүрген уақытын үстінен жиналған қыш ыдыстар сынқтары негізінде IX–XV ғғ. аралығымен мерзімдеген [АКК 1960: 232, № 3377].

2004 ж. қалашықта Халқаралық Қазақ-Түрік университетінің Тұран археологиялық экспедициясы М. Елеуовтың жетекшілігімен зерттеу жүргізді [Қазақстан Республикасының... 2011: 246, 247, № 246]. Соңғы рет 2011 ж. Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының осы жолдардың авторы (Д. Талеев) басқарған «Қазақ хандығы қалалары» тобы Бұзықта археологиялық қазба жүргізді. Сол жылы аталған аймақта жүргізілген археологиялық барлау Ақкөл қойнауындағы небәрі 100 гектарды қамтитын аумақта өмір сүрген, уақыты жағынан кезектесіп келетін үш бірдей көне жұрт жатқанын анықтады (4-сур.). Солардың ішінде өзінің мерзімделуі жағынан едәур ежелгісін Артықата I қалашығы деп атадық та бұрынан белгілі Артықата қалашығын Артықата II деп белгіледі ұйғардық. Өйткені бұл қала жұрттарының өмір сүрген уақыты жағынан кезектесіп келетін бір қаланың орындары екендігін археологиялық зерттеулер растайды.

Сонымен **Артықата I** қалашығы осы күнгі Көктөбе ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 2 км жерде жатыр. Қалашықтың орталық бөлігі



4-сур. Аркук қаласы орындарының космостан түсірілген фотосы

Fig. 4. Location of the city of Arkuq on space image

Рис. 4. Места расположения города Аркук на космоснимке



төртбұрыш болып келген, оны қоршай шахристан орналасқан. Беткі қабаты өте борпылдақ келген айналадағы деңгейден 0,8–1 м ғана биік төбе. Төрт бұрышты орталық бөлігінің көлемі 150×150 м. Қалашықтың солтүстік бөлігін құм басып қалғандықтан сыртқы қабырғаларының бедері анық байқалмайды. Айнала қоршаған шахристан 270×270 м болатын аумақты алып жатыр. Қалашықтың үстінен жиналған қыш ыдыс сынықтары мен ескерткіштің топографиялық сипаты оны шартты түрде I–VI ғғ. мерзімдеуге негіз болады. Қалашықта бұрын қазба жүргізілмеген оның мерзімделуін әзірге шартты түрде деп қабылдау керек.

Артықата I ден солтүстікке қарай 400 м жерде Артықата II (бұрынғы Артықата) қалашығы жатыр. Оны бізге дейін кімдердің зерттегені жоғарыда айтылды. Жобасы жарты шеңбер тәріздес келген бұл ескерткіштің диаметрі батыстан шығысқа қарай 190 м. айналадағы деңгейден биіктігі 1,5–2 м. Оңтүстік-шығыс шетінде орналасқан дөңгелекше келген орталық бөлігінің диаметрі 60 м, биіктігі 4–5 м. Ешқандай қазба жүргізілмеген. Үстінен жиналған материалдар негізінде X–XVI ғғ. мерзімделген.

Артықата II ден солтүстікке қарай 500 м жерде Бұзық қалашығы жатыр. Бұл қалашық үстінен жиналған материалдар негізінде XV–XVIII ғғ. аралығымен мерзімделген [Байпаков 1977: 206; 2014: 98]. Қалашықтың топографиялық сипаттамасы жоғарыда берілген. Соңғы өлшеу бойынша дөңгелек келген бекініс қабырғасының бойында бір-бірінен 35 пен 65 м қашықтық аралығында орналасқан 15 мұнаның орны анықталды. Қалашықтың солтүстіктен оңтүстікке, шығыстан батысқа қарай өлшегендегі диаметрі 300 м.

2011 ж. Бұзықта жүргізілген қазба барысында Қазақ хандығы тұсында болған үлкен ғимараттың орны ашылды. Күйдірілген кірпіштермен қаланған ғимарат екі бөліктен тұрған. Төртбұрышты үлкен бөлігінің көлемі 12×10 м, оның оңтүстік шетінен жалғасқан бөлігінің көлемі 11×9 м. Ғимарат қабырғалары көлемі 25×25×5 см күйдірілген кірпіштермен өрілген. Қазба барысында ғимараттың қабырғалары ені 1 м, тереңдігі 1 м етіп қазылған фундамент шұңқырының ішінен қаланып шыққандығы анықталды. Өкінішке орай фундамент пен қабырғасына қаланған кірпіштерді кейінгі кезде жергілікті жұртшылық бұзып алып, осы маңда орналасқан зираттағы жерлеу құрылыстарына пайдаланған. Ғимараттың еденінде күйдірілген кірпіштен қаланған төсеніш болған. Оны да бұзып алып кеткен. Бөлменің қақ ортасынан бір-біріне қарсы бірдей қашықтықта орналасқан төрт бағананың орны анықталды. Ішкі жағынан ешқандай құрылыс іздері анықталмады. Жобасы мен құрылыс ерекшелігі ғимараттың бір кездегі мешіттің орны болғандығын көрсетеді. Қазба барысында Отырар, Бұқара қалаларында XV–XVI ғғ. соғылған мыс теңгелер (5-сур.) табылды. Осы теңгелердің қолданыста жүрген уақыты қаланың Сыр өңіріндегі сауда-экономика және рухани орталықтарының бірі болғандығын аңғартады.

Біз сипаттап отырған осы қалашықтар (Артықата I, II, Бұзық) жазба деректерде айтылатын Арқук қаласының үш кезеңде болған орны болуы мүмкін деген болжам айтамыз. Қала жазба деректерде XV ғ. бастап кездеседі. Қаланың өз тарихында орнын не себепті ауыстырғанын дөп басып айта алмаймыз. Археологиялық зерттеулер Артықата I қаңлы, оғыз, Артықата II монғол шапқыншылығы мен Алтын орда дәуіріне тұспа-тұс келетіндігін көрсетеді. Бұзық қалашығының Қазақ хандығы тұсындағы Арқук екендігін жазба деректер мен қазба материалдар қатар растайды.

#### *Қорытынды*

Сырдарияның ортаңғы ағысының сол жағасында орналасқан Сүткент пен Аркуктың орнында жүргізілген зерттеулер ежелден отырықшы мәдениеттің орталығы болған бұл қалалардың қазақ тарихында аса үлкен маңызға ие болғанын көрсетеді. Олар мыңдаған жылдардан тұратын



5-сур. Бұзықта жүргізілген қазба кезінде табылған мыс теңгелер

Fig. 5. Buzyk. Copper coins found during excavations

Рис. 5. Бузык. Медные монеты, найденные в ходе раскопок

өз тарихында орындарын бірнеше дүркін өзгерткен. Және уақыт өткен сайын кеңейіп, көркейіп, аймақтың мәдени сауда-экономикалық орталықтарына айналған. Қалалардың баламалану мәселесі де зерттеушілер үшін аса қиындық туғызған жоқ. Өйткені қалалардың жазба деректерде айтылатын атауын сол маңдағы мекендер осы күнге дейін сақтап қалған. Бізге жеткен жазба деректердің мәліметтері Сүткент пен Аркук қалаларының Қазақ хандығының қалыптасып, нығаюына үлкен үлес қосқандығын мәлімдейді. Сол мәліметтерді олардың орнында жүргізілген археологиялық зерттеулер растап, толықтыру үстінде.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // ТИИАЭ АН КазССР. Сер. Археология. 1958. Т. 5. С. 3-215.
2. АКК. Археологическая карта Казахстана / Сост.: Агеева Е.И., Акишев К.А., Кушаев Г.А. и др. Алма-Ата: изд-во АН КазССР, 1960. 449 с.
3. Әл-Истахри. Китаб Масалик ал-Мамалик // Материалы по истории киргизов и Киргизии. М.: Наука, 1973. С. 29-30.
4. Байпаков К.М. Локализация позднесредневековых городов Казахстана // СА. 1977. № 2. С. 201-209.
5. Байпаков К.М. Огузы, туркмены и сельджуки в городах Жетысу и Южного Казахстана // Известия НАН РК. Сер. обществ. наук. 2007. № 1. С. 35-61.
6. Байпаков К.М. Урбанизация Казахского ханства во второй половине XV–XVIII вв. / Древняя и средневековая урбанизация Казахстана. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2014. Кн. III, ч. II. 534 с.
7. Байпаков К.М. Урбанизация Казахстана в XIII – первой половине XV в. / Древняя и средневековая урбанизация Казахстана. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2016. Кн. III, ч. I. 596 с.
8. Бартольд В.В. К истории орошения Туркестана. Соч. М.: Наука, 1965. Т. 3. 713 с.
9. Железняков Б.А. К вопросу о датировке верхних слоев городища Жуантобе // Известия НАН РК. Сер. обществ. наук. 2011. № 3. С. 90-100.
10. Ибн-Хаукал. Китаб ал-месаликва-л-мемалик // Извлечения из письменных источников о средневековых городах Сауран и Сыгнак / Автор предисл. и сост. Елеуов М. Туркестан: МКТУ, 2005. С. 9.



11. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. Алматы: Аруна, 2011. 504 б.
12. *Кастанье И.А.* Отчет о поездке на развалины Бузук // Известия Археологической комиссии. 1916. Приб. к вып. 66 (Хроника и библиография, вып. 32). С. 47-56.
13. *Қашқари М.* Түрік сөздігі. 3 томдық. Алматы: Ғылым, 1997. Т. 1. 595 б.
14. *Пищулина К.А.* Присырдаринские города и их значение в истории казахских ханств в XV–XVIII вв. // Казахстан в XV–XVIII вв / Отв. ред. Сулейменов Б.С. Алма-Ата: Наука, 1969. С. 5-49.
15. *Руднев Н.* Следы древних городов по Сыр-Дарье // ПТКЛА. Историко-культурные памятники Казахстана / Авт. предисл. и сост. Елеуов М., Бахтыбаев М.М. Туркестан: Туран, 2011. С. 228-232.
16. Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. Алматы: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1994. 368 с.
17. *Талеев Д.А.* Сырдарияның сол жағалауында жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары // Отан тарихы. 2010. № 4. 158-166-бб.
18. Тарих-и Абу-л-хайр-хани // Материалы по истории Казахского ханства XV – XVIII веков (извлечение из персидских и тюркских сочинений) / Сост. Ибрагимов С.К., Мингулов Н.И., Пищулина К.А., Юдин В.П. Алма-Ата: Наука, 1969. С. 135-172.
19. Таварих-и гузида-йи нусрат-наме // Материалы по истории Казахского ханства XV–XVIII веков (извлечение из персидских и тюркских сочинений) / Сост. Ибрагимов С.К., Мингулов Н.И., Пищулина К.А., Юдин В.П. Алма-Ата: Наука, 1969. С. 9-43.
20. *Фазлаллах ибн Рузбихан.* Михман-нама-йи Бухара // История Казахстана в персидских источниках. Извлечения из сочинений XIII–XIX веков. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. Т. 5. С. 113-215.
21. *Хафиз Таныш.* Шараф-нама-йи шахи // История Казахстана в персидских источниках. Извлечения из сочинений XIII–XIX веков. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. Т. 5. С. 249-335.

#### REFERENCES

1. Ageeva, E. I., Patsevich, G. I. 1958. In: *Trudy Instituta istorii, arheologii i etnografii Akademii nauk Kazahskoy SSR. Ser. Arheologiya (Proceedings of the Institute of History, Archaeology and Ethnography of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Archaeology ser.)*, 5, 3-215 (in Russian).
2. Ageeva, E. I., Akishev, K. A., Kushaev, G. A. et al. (compl.). 1960. *Arheologicheskaya karta Kazahstana (Archaeological map of Kazakhstan)*. Alma-Ata: Academy of Sciences of the Kazakh SSR (in Russian).
3. In: *Materialy po istorii kirgizov i Kirgizii (Materials on the history of the Kirghizs and Kirghiziya)*. 1973. Moscow: “Nauka” Publ., 29-30 (in Russian).
4. Baipakov, K. M. 1977. In: *Sovetskaya arheologiya (Soviet archaeology)*, 2, 201-209 (in Russian).
5. Baipakov, K. M. 2007. In: *Izvestiya Natsionalnoy Akademii nauk Respubliki Kazakhstan. Ser. obshchestv. Nauk (Proceedings of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Ser. societiese sciences)*, 1, 35-61 (in Russian).
6. Baipakov, K. M. 2014. *Urbanizatsiya Kazahskogo hanstva vo vtoroy polovine XV–XVIII vv. / Drevnyaya i srednevekovaya urbanizatsiya Kazahstana (Urbanization of the Kazakh Khanate in the second half of the 15<sup>th</sup>–17<sup>th</sup> centuries / Ancient and medieval urbanization of Kazakhstan)*, Book III, part II. Almaty: Margulan Institute of Archaeology (in Russian).
7. Baipakov, K. M. 2016. *Urbanizatsiya Kazahstana v XIII – pervoj polovine XV v. / Drevnyaya i srednevekovaya urbanizatsiya Kazahstana (Urbanization of Kazakhstan in the 13<sup>th</sup> – first half of the 15<sup>th</sup> century. / Ancient and medieval urbanization of Kazakhstan)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, Book III, part I (in Russian).
8. Bartold, V. V. 1965. *K istorii orosheniya Turkestana. Sochineniya (On the history of irrigation of Turkestan. Essays)*. Moscow: “Nauka” Publ., vol. 3. (in Russian).
9. Zheleznyakov, B. A. 2011. In: *Izvestiya Natsionalnoy Akademii nauk Respubliki Kazakhstan. Ser. obshchestv. Nauk (Proceedings of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Ser. societiese sciences)*, 3, 90-100 (in Russian).



10. In: Eleuov, M. (compl.). 2005. *Iz vlecheniya iz pismennyh istochnikov o srednevekovykh gorodakh Sauran i Sygnak (Extracts from written sources about the medieval cities of Sauran and Sygnak)*. Turkestan: Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University (in Russian).
11. *Kazakhstan Respublikasynyn tarihi zhane madeni eskertkishterinin zhinagy. Kyzylorda oblysy (The official list of historical and cultural monuments. Kyzylorda region)*. 2011. Almaty: “Aruna” Publ. (in Kazakh).
12. Kastanic, I. A. 1916. In: *Izvestiya Arheologicheskoy komissii (News of the Archaeological Commission)*, 66, 47-56 (in Russian).
13. Kashkari, M. 1997. *Turik sozdigi (Turkic Dictionary)*. In 3 vol. Almaty: “Gylym” Publ., vol. 1 (in Kazakh).
14. Pishchulina, K. A. 1969. In: Suleymenov, B. S, (ed.). *Kazakhstan v XV–XVIII vv. (Kazakhstan in the 15<sup>th</sup> – 18<sup>th</sup> centuries)*. Alma-Ata: “Nauka” Publ., 5-49 (in Russian).
15. Rudnev, N. 2011. In: Eleuov, M., Bakhtybayev, M. M. (compl.). *Protokoly zasedaniy i soobshcheniy chlenov Turkestanskogo kruzhka lyubiteley arheologii. Istoriko-kulturnye pamyatniki Kazahstana (Summary record of the meeting and reports of the Turkestan amateur archaeological circle)*. Turkestan: “Turan” Publ., 228-232 (in Russian).
16. *Svod pamyatnikov istorii i kultury Kazahstana. Yuzhno-Kazahstanskaya oblast (The official list of historical and cultural monuments of Kazakhstan. South Kazakhstan region)*. 1994. Almaty: The main editorial office of the Kazakh Soviet Encyclopedia (in Russian).
17. Taleev, D. A. 2010. In: *Otan tarihy (The homeland history)*, 4, 158-166.,
18. In: Ibragimov, S. K., Mingulov, N. I., Pishchulina, K. A., Yudin, V. P. (compl.). 1969. *Materialy po istorii Kazahskogo hanstva XV–XVIII vekov (iz vlecheniya iz persidskih i tyurkskih sochineniy) (Materials on the history of the Kazakh Khanate of the 15<sup>th</sup>–18<sup>th</sup> centuries (extracts from Persian and Turkic writings))*. Alma-Ata: “Nauka” Publ., 135-172 (in Russian).
19. In: Ibragimov, S. K., Mingulov, N. I., Pishchulina, K. A., Yudin, V. P. (compl.). 1969. *Materialy po istorii Kazahskogo hanstva XV–XVIII vekov (iz vlecheniya iz persidskih i tyurkskih sochineniy) (Materials on the history of the Kazakh Khanate of the 15<sup>th</sup>–18<sup>th</sup> centuries (extracts from Persian and Turkic writings))*. Alma-Ata: “Nauka” Publ., 9-43 (in Russian).
20. In: *Istoriya Kazahstana v persidskih istochnikah. iz vlecheniya iz sochineniy XIII–XIX vekov (The history of Kazakhstan in Persian sources. Extracts from the writings of the XIII-XIX centuries)*. 2007. Almaty: “Dayk-Press” Publ., vol. 5, 113-215 (in Russian).
21. In: *Istoriya Kazahstana v persidskih istochnikah. iz vlecheniya iz sochineniy XIII–XIX vekov (The history of Kazakhstan in Persian sources. Extracts from the writings of the XIII-XIX centuries)*. 2007. Almaty: “Dayk-Press” Publ., vol. 5, 249-335 (in Russian).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.  
/ Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.  
/ Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.  
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.  
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 02.03.2022.  
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 11.03.2022.  
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 11.03.2022.



## Ортағасырлық Қастек қаласының керамикасы

© 2022 г. Төлегенов А., Кембаева Ә.

**Keywords:** archaeology, Kastek settlement, ceramics, source, crafts, excavations, artifacts

**Түйін сөздер:** археология, Қастек қаласы, керамика, дереккөз, қолөнер, қазба жұмыстары, артефактілер

**Ключевые слова:** археология, городище Кастек, керамика, источник, ремесло, раскопки, артефакты

**Abylay Tolegenov<sup>1</sup>, Asem Kembayeva<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Corresponding author, Doctoral student of the 2-nd year of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan. E-mail: [abylai\\_24\\_12\\_94@mail.ru](mailto:abylai_24_12_94@mail.ru)

<sup>2</sup>specialist archaeologist, Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan.  
E-mail: [asem.kembaeva@mail.ru](mailto:asem.kembaeva@mail.ru)

### Ceramic of the medieval Kastek settlement

**Abstract.** The article is devoted to the collection of ceramics found during archaeological excavations in the medieval town of Kastek, researched in 2011–2020 by Zhetysu archaeological expedition of the Margulan Institute of Archaeology under the leadership of A. Nurzhanov (1957–2021). Ceramics is the main source in the periodization of the cultural layer of medieval cities and settlements. In addition, the production of ceramic products in cities and its products determine the high skill of handicraft. Archaeological research on the medieval settlement of Kastek has been carried out since 2011. During this period, various scientific articles were published on the study of various problems, including issues related to the analysis of ceramics. Since the collection of ceramic products found in the city has been preserved very well, it is possible to classify it by types, forms, and methods of production. Ceramics of the city of Kastek in the field season of 2018 belong to 2 stages: 8<sup>th</sup> century – the beginning of the 10<sup>th</sup> century; 10<sup>th</sup> century – the beginning of the 13<sup>th</sup> century. In the manufacture of ceramic products, local raw materials with a natural additive (feldspar, quartz) were used. The main goal of the article is the introduction into scientific circulation of some ceramic products obtained during excavations in 2018, as well as the analysis of ceramics of the medieval settlement of Kastek, including the search for analogies in the materials of a synchronous set of monuments. To achieve this goal, new data are presented, previously published publications are analyzed, the degree of study of the material is discussed.

**Acknowledgement:** The article OR № 11465466 was carried out within the framework of program-targeted funding on the topic «Uly Dala in the context of ethno-cultural studies».

**For citation:** Tolegenov, A., Kembayeva, A. 2022. Ceramic of the medieval Kastek settlement. *Kazakhstan Archeology*, 1 (15), 70-81 (in Kazakh). DOI: [10.52967/akz2022.1.15.70.81](https://doi.org/10.52967/akz2022.1.15.70.81)

Төлегенов Абылай<sup>1</sup>, Кембаева Әсем<sup>2</sup>

<sup>1</sup>корреспондент авторы, 2-курс докторанты,  
Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан.  
E-mail: [abylai\\_24\\_12\\_94@mail.ru](mailto:abylai_24_12_94@mail.ru)

Төлегенов Абылай<sup>1</sup>, Кембаева Асем<sup>2</sup>

<sup>1</sup>автор-корреспондент, докторант 2-курса  
Евразийского национального университета  
им. Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан.  
E-mail: [abylai\\_24\\_12\\_94@mail.ru](mailto:abylai_24_12_94@mail.ru)



<sup>2</sup>археолог-маман, Ә.Х. Марғұлан атындағы  
Археология институты, Алматы қ., Қазақстан. E-mail:  
[asem.kembaeva@mail.ru](mailto:asem.kembaeva@mail.ru)

### Ортағасырлық Қастек қаласының керамикасы

**Аннотация.** Мақала Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Жетісу археологиялық экспедициясы А.Ә. Нұржановтың (1957–2021) жетекшілігімен 2011–2020 жж. зерттелген ортағасырлық Қастек қаласының қазба жұмыстарынан алынған керамиканы талдауға арналған. Керамика – ортағасырлық қалалар мен қоныстардың мәдени қабатын мерзімдеудегі басты дерек болып табылады. Сонымен қатар, қалаларда керамика бұйымдарын жасау өндірісі мен оның өнімі қолөнер кәсібінің жоғары шеберлігін анықтайды. Ортағасырлық Қастек қаласында 2011 ж. бері жүргізілген зерттеулерге қатысты көптеген ғылыми мақалалар жарияланып, онда табылған керамика бұйымдарының түрлері мен ерекшеліктеріне байланысты мәселелер қарастырылды. Қаладан табылған керамика бұйымдарының жиынтығы өте жақсы сақталғандықтан, оны түрлері, формалары, өндіріс әдістері бойынша жіктелді. Керамикалық бұйымдарды дайындау кезінде табиғи қоспасы бар жергілікті шикізат (саз, дала шпаты, кварц) пайдаланылды. Мақаланың негізгі мақсаты – 2018 ж. қазба жұмыстары барысында табылған керамикалық бұйымдарды ғылыми айналымға енгізу, ортағасырлық Қастек қаласының қыш бұйымдарын талдау және жақын орналасқан ескерткіштерден табылған материалдар бойынша ұқсастықтарын іздеу. Осы мақсатқа жету үшін жаңа мәліметтер келтіріліп, бұрын жарияланған жарияланымдар талданады және материалдың зерттелу дәрежесі талқыланады. 2018 ж. далалық маусымдағы Қастек қаласының керамикасы 2 кезеңге жатады: VIII ғ. – X ғ. басы; X ғ. – XIII ғ. басы.

**Алғыс:** Жұмыс ҚР БҒМ Ғылым комитетінің нысаналы-бағдарламалық қаржыландыруы бойынша жоба ЖТН ОР11465466-ОТ-21, «Этномәдени зерттеулер контекстіндегі Ұлы Дала» тақырыбы шеңберінде орындалды.

**Сілтеме жасау үшін:** Төлегенов А., Кембаева Ә. Ортағасырлық Қастек қаласының керамикасы. *Қазақстан археологиясы*. 2022. № 1 (15). 70-81-бб. DOI: [10.52967/akz2022.1.15.70.81](https://doi.org/10.52967/akz2022.1.15.70.81)

<sup>2</sup>специалист-археолог, Институт археологии  
им. А.Х. Марғұлана, г. Алматы, Казахстан. E-mail:  
[asem.kembaeva@mail.ru](mailto:asem.kembaeva@mail.ru)

### Керамика средневекового городища Кастек

**Аннотация.** Статья посвящена анализу керамики, происходящей из раскопок средневекового города Кастек, исследовавшегося в 2011–2020 гг. Жетысуской археологической экспедицией Института археологии им. А.Х. Марғұлана под руководством А.А. Нуржанова (1957–2021). Керамика – главный источник по периодизации культурного слоя средневековых городов и поселений. Кроме того, производство керамических изделий в городах и его продукция определяют высокое мастерство ремесленного дела. Археологические исследования средневекового городища Кастек проводятся с 2011 г. За этот период опубликованы различные научные статьи, посвященные изучению тех или иных проблем, в том числе и вопросам, связанным с анализом керамики. Хорошая сохранность керамических изделий позволяет классифицировать коллекцию по видам, формам, способам производства. При изготовлении керамических изделий использовалось местное сырье с естественной добавкой (полевой шпат, кварц). Основная цель статьи – ввод в научный оборот керамических изделий, полученных в ходе раскопок 2018 г., а также анализ керамики средневекового городища Кастек, в том числе поиск аналогий в материалах синхронного круга памятников. Для достижения этой цели приводятся новые данные, анализируются изданные ранее публикации, обсуждается степень изученности материала. Керамику, полученную в полевом сезоне 2018 г., можно отнести к двум хронологическим этапам: VIII в. – начало X в.; X в. – начало XIII в.

**Благодарности:** Работа выполнена в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки МОН РК, ИРН проекта ОР11465466-ОТ-21, тема: «Великая Степь в контексте этнокультурных исследований».

**Для цитирования:** Төлегенов А., Кембаева А. Керамика средневекового городища Кастек. *Археология Казахстана*. 2022. № 1 (15). С. 70-81 (на каз. яз.). DOI: [10.52967/akz2022.1.15.70.81](https://doi.org/10.52967/akz2022.1.15.70.81)

### *Кіріспе*

Ұлы Жібек жолы тармақтарының Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан аумағы арқылы өтуі өңірде жаңа қалалардың пайда болуы мен өркендеу процесінің белсенді жүруіне өзінің әсерін тигізді. Керуен жолының бойындағы стратегиялық маңызды орындарда орналасқан қалалар қолөнер және сауда орталықтарына айналды, сонымен қатар қолөнер, егіншілік және мал шаруашылығының үйлесімді өмір сүруі мен дамуының, өркениет пен мәдениеттің өзара байланысының шекарасы болды. Халықаралық сауда жолдарының осы аймақ арқылы өтуі, қолөнердің дамуы қалалардың



қарқынды өсуіне әкелді. Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігінде Түркі қағанаттарының қалалары – Талхир, Қаялық, Құлан, Мерки (Меркі), Суяб, Баласағұн орналасты. Дамыған орта ғасырларда X–XIII ғғ. урбандалу процесі қарқынды жүріп, ол Жетісу аймағын толық қамтыды және отырықшы өркениеттің дамуына жол ашты [Савельева и др. 2012: 7].

Ортағасырлық Қастек қаласы – Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қастек ауылынан 2,5 км солтүстікке қарай Жетіжол тау жотасының бастауында, Суықтөбе тауының төменгі бөлігінде орналасқан [Нуржанов, Калдыбаева 2020: 119]. Алматы қаласына ең жақын орналасқан

ортағасырлық қала болып табылады (Алматы қаласынан 90 км қашықтықта) (1-сур).

Ортағасырлық қаланың жалпы аумағы – 30 га құрайды. Оның 5 га жері цитадель мен шахристанға тиесілі. 2020 ж. дейін он жыл бойы жүргізілген қазба жұмыстарының көлемі – 8000 м<sup>2</sup> [Нуржанов, Калдыбаева 2020: 119].

Қаланың географиялық орналасуы шаруашылық жүргізуге, әрі саяси байланыстар жасауға өте қолайлы болған. Шаруашылықтың дамығандығын қала аумағындағы ирригация және жер телімдерінің орналасуы-



1-сур. Ортағасырлық Қастек қаласының Қазақстан картасында орналасуы

Fig. 1. Location of the medieval Kastek settlement on the map of Kazakhstan

Рис 1. Расположение средневекового городище Кастек на карте Казахстана

на қарай білуге, қаланың жоғарғы жағында орналасқан Қастек асуы арқылы Шу алқабына жетуге болады. Археологиялық қазба жұмыстары барысында қала шекара бекеті мен сауданың дамыған орталықтарының бірі болғандығы анықталды. Сонымен қатар сауда қатынастарын реттеудің маңызды пункттерінің бірі болғанын айғақтайтын заттай деректер табылды [Нуржанов, Терновая 2020: 11].

Он жылдық кешенді қазба жұмыстары кезінде қаланың әлеуметтік-экономикалық өмірінің көрсеткіші болып табылатын заттай мәдениеттің жетістіктері, стратиграфия, планиграфия, қорғаныс құрылымдары туралы көптеген мәліметтер алынды. Табылған артефактілердің көп бөлігі керамика, ал қалғанын сүйектен, темірден, шыныдан жасалған бұйымдар құрайды. Мақала 2018 ж. далалық қазба жұмыстары кезінде табылған керамика бұйымдарын зерттеу нәтижелеріне негізделген және қазіргі уақытқа дейін жарыққа шықпаған мәліметтерді қамтиды.

#### *Зерттелу тарихнамасы*

Ортағасырлық Қастек қаласының керамикалық бұйымдарын жіктеуде және жинақталған керамика кешенін сипаттауда отандық археологтардың еңбектерін негізге алдық. К.М. Байпақов, Е.А. Смағұлов, О.В. Кузнецова, Т.В. Савельева, Е.Ш. Ақымбек және А.Ә. Нұржановтың еңбектерінде қыш бұйымдардың түрлері, сипаттамасы мен қолдану аясына қатысты толық мәліметтер бар.





Осы мәліметтер керамика кешенінің типологиясы мен хронологиясы туралы мәліметтер қорын толықтыруға мүмкіндік береді.

Ортағасырлық Қастек қаласының керамикасына қатысты зерттеу тарихы 2011 ж. басталады. Кешенді түрде жүргізіле бастаған қазба жұмыстарының барысында табылған қыш бұйымдарға қатысты мәліметтер ғылыми мақала түрінде А.Ә. Нұржановтың еңбектерінде қарастырылған.

2011 ж. А.Ә. Нұржанов пен Е.Ш. Ақымбектің мақаласында қала туралы алғашқы археологиялық қазба жұмыстарының барысы, оның сипаттамасы және далалық зерттеу нәтижесінен алынған керамика кешеніне қатысты мәліметтер беріледі. Кешен олардың пайдалану мақсаты мен атқаратын қызметіне қарай асүйлік, асханалық және тұрмыстық-шаруашылық болып бөлінді. Ең көп тараған түрі құм мен ұсақ қиыршық тасты қосып, сапалы жасалған асүйлік ыдыстар. Асхана ыдыстары қоспасыз немесе аз мөлшерде құм қосылып жасалған [Нұржанов, Ақымбек 2011: 83].

2014 ж. жарық көрген А.Ә. Нұржановтың мақаласында қазба жұмыстары барысында табылған діни салт-жоралғыларды орындауда қолданылатын ыдыстың атқаратын қызметіне қатысты мәліметтер беріледі [Нұржанов 2014: 208] және ұқсастығы бойынша Көк-Мардан (VIII–IX ғғ.) [Байпаков и др. 2006: 208] және Күйік-Кескен қала [Смагулов 2011: 35] секілді ортағасырлық қалалардан табылған қыш бұйымдармен салыстырылады. Ал 2017 ж. жарық көрген «Культуральный сосуд карлуков-несторианцев из городища Кастек» атты мақаласында қала тұрғындарының діни дүниетанымы туралы түсінік алуға ерекше мүмкіндік беретін зооморфтық белгілері бар қыш ыдыс туралы мәліметтер береді. Табылған қыш ыдыста бейнеленген крест пен жыланның бейнесі Жетісудың отырықшы тұрғындарының арасында несториандық сенімнің таралғандығы және оның өңірдегі халықтардың мәдени дамуына белгілі бір ықпалының болғанын сипаттайды [Нұржанов 2017: 153–157]. Керамикалардағы зооморфты бейнелерге қатысты мәліметтер «Керамика с зооморфными и антропоморфными признаками с городища Кастек-1» [Нұржанов 2020: 7] атты мақаласында да қарастырылған.


Мақалада 2019 ж. қаланың солтүстік-батыс бөлігіндегі № 32 тұрғын үй-жайдағы археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған керамикалық сукұйғыш (немесе мургоб) ыдыстың сыртындағы жазудың (жазулардың) семантикасы анықталды [Нұржанов, Терновая 2021: 9].

2018 ж. ортағасырлық Қастек қаласынан табылған керамика жиынтығының біршама бөлігінің жақсы сақталуы оларды жүйелеп топтауға және түрлері бойынша бөлуге мүмкіндік береді.

#### *Материалдарға сипаттама*

Ортағасырлық қалаларға жүргізілген қазба жұмыстары кезінде көп шығатын негізгі материал керамика болып табылады [Савельева 2012: 128]. Керамика – адамзат баласының қол жеткізген, ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан баға жетпес қолөнері. Керамика өндірісінің дамуы, үнемі серпілісте ілгерілеуі өндірістің өсуін көрсетеді. Керамика өнерінің даму деңгейі қоғамдық өмірдің кең өрісіне тәуелді және оның өнімі қалаларды зерттеудегі көптеген сұрақтарға жауап беретін бірден бір дереккөз болып табылады [Ақымбек 2015: 4]. Сол себепті де, қалалардан табылған керамика кешенін зерттеу өте өзекті әрі маңызды мәселе болып қала бермек.

Ұсынылып отырған мақаланың негізгі мәліметтері ортағасырлық Қастек қаласында археолог А.Ә. Нұржановтың жетекшілігімен жүргізілген Жетісу археологиялық экспедициясының археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде табылған керамика кешені құрайды. 2018 ж. қазба



2-сур. Қастек қаласы. 2018 ж. қазба жоспары. Қазбаны хронологиялық қабаттар бойынша бөлу сызбасы. Орындаушы М. Калыков

Fig. 2. Kastek settlement. The 2018 excavation plan. The scheme of the breakdown of the excavation by chronological layers. M. Kalykov's photo

Рис. 2. Городище Кастек. План раскопа 2018 г. Схема разбивки раскопа по хронологическим слоям. Исполнитель М. Калыков


жұмыстары шахристанның оңтүстік-батыс бөлігінде жүргізілді. Жоғарғы мәдени қабатты ашу кезінде 0,5 м тереңдікте екінші құрылыс горизонтының қабырғалары мен едендері табылды. Бөлмелердің қабырғалары шығыстан батысқа қарай орналасқан. Сақталған қабырғаларының биіктігі 0,4–0,5 м. 2018 ж. қазбаның жалпы аумағы – 54×30 м (2-сур.).

2018 ж. қазба жұмыстары барысында керамиканың 1870 фрагменті жинақталды. Негізгі табылымдардың басым көпшілігі фрагмент күйінде сақталған, бүтіндерінің саны аз. Табылған бұйымдардың ішінде асүйлік ыдыстардың түрлері: құмыралар, кәстрөлдер, қазандар, қазан

қақпақтары, құмыралар мен хумдар бар. Фрагменттердің көпшілігі дала шпаттарының, кварцтың, қоңыр әктастың және слюданың табиғи қоспасы бар қара қызыл саздан жасалған.

Қалаға жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған ыдыс-аяқтың негізгі бөлігі ою-өрнекпен безендірілген. Күрделі емес (бір толқын немесе бір сызықты ою) және аралас (толқын тәрізді, сызықты) комбинациялары бар. Ең көп таралған – сызықты, толқын тәрізді ою-өрнек және саусақ іздері. Көбінесе штампталған үшбұрышты және гүлді ою-өрнек ыдыстарда қолданылған. Ою-өрнектерді қолданудың негізгі аймағы – ыдыстың бүйір жағы (3-сур.).

Керамикалық ыдыстардың ернеулері. Асүйлік ыдыстардың




3-сур. Қастек қаласы. Керамикалық ыдыстардағы ою-өрнек комбинациясы

Fig. 3. Kastek settlement. Combinations of ornaments on ceramic vessels

Рис. 3. Городище Кастек. Комбинации орнаментов на керамических сосудах



ішінде қазан мен құмыралардың ернеулері көптеп кездесті. Бұл ыдыстар тағамды дайындау мен сақтау үшін пайдаланылатын асуылік ыдыстың түрі. Ыдыстар құрамына майда қиыршық тас, құм және ұсақталған қыш қосылған саз балшықтан жасалған, көлемі жағынан үлкеніректері кең тараған. Ыдыстың формасы түбі конус, негізгі бөлігін сыртқа шығып тұратын және ауыздары кең ернеуі құрайды.




4-сур. Қастек қаласы. Керамикалық ыдыстардың ернеулері  
Fig. 4. Kastek settlement. Corollas of vessels  
Рис. 4. Городище Кастек. Венчики сосудов

Ыдыстардың ернеулері сызықты немесе толқынды етіп безендірілген. Қабырғасының жарылған жерлерін бекітіп ұстату үшін тесілген тесіктері бар. Саңылаулардың ені 0,9-дан 1,1 см-ге дейін (4-сур.).

*Керамикалық ыдыстардың түрлері. Құмыралар.* Қазба жұмыстары барысында бүтін күйінде сақталған түбек, саптыаяқ және құмыра табылды. Бұл ыдыстарды түрлері бойынша ажыратуға мүмкіндік береді. Ыдыстар өте сапалы саз балшыққа майда құм қосып жасалып, бірқалыпты күйдірілген (5-сур.).

1. Түбек. Ыдыстың бұл түрінің ернеуі кең, бүйірінде диаметрі 0,6 см болатын тесігі бар. Бұл тесік арқылы жіп өткізіледі. Ол жіп тұтқа қызметін атқаруы мүмкін.

2. Саптыаяқ. Асханалық ыдыс ретінде кең таралған. Бүйірі шар формалы, ернеуі кең, цилиндр секілді, мойны қысқа және жоғары қарай кеңіген, кішкене



5-сур. Қастек қаласы. Керамикалық ыдыстардың түрлері: 1 – түбек; 2 – саптыаяқ; 3 – құмыра

Fig. 5. Kastek settlement. Types of ceramic vessels: 1 – tubek; 2 – кружка; 3 – кувшин  
Рис. 5. Городище Кастек. Типы керамических сосудов: 1 – түбек; 2 – кружка; 3 – кувшин




иығында ілмек тәрізді тұтқасы бар. Асханалық ыдысқа жататын бұл түрі ортағасырлық қалаларда кең тараған. Сапалы саз балшықпен құрамына майда құм қосылып жасалынып, бірқалыпты күйдірілген (5-сур.). Ортағасырлық Ақтөбе қаласынан табылған X–XIII ғғ. жататын саптыаяқтар шарықта жасалынып, сапалы күйдірілген. Түп жағы жазықтау, кесілген конус формасында. VIII–X ғғ. саптыаяқтарға қарағанда көп таралған асханалық ыдыс [Ақымбек 2015: 112].

3. Құмыра. Ортағасырлық қалаларда құмыралар керамикалардың ең үлкен тобын құрайды. Құмыраның бұл түрі түбінен бірқалыпты кеңіп көтерілген қабырғасы дөңгеленіп иіліп кең иықтанып, мойындалған. Мойны ернеу астында сыртқа сәл кеңіп тік көтеріліп аяқталған. Ілмек тұтқасының жоғарғы жағы ернеу асты мойнына, төменгі жағы бүйіріне бекітілген. Ыдыстың бұл түрінің басқаларынан ерекшелігі мойын жағында толқынды өрнегі бар (5-сур.). Осындай құмыраға ұқсас ыдыс ортағасырлық Ақтөбе, Тараз қалаларынан да табылған болатын. Ұқсастығы жағынан оның да иығы мен бүйір үстінде баспа өрнектер қатты затпен сызып, осы нақышты ыдыс қабырғасын айнала өрнектелген [Ақымбек 2015: 110]. Зерттеуші Т.Н. Сенигова ортағасырлық Тараз қаласынан табылған құмыралардың жасалу техникасына қарай 3-топқа бөледі: а) сыртқы формасы алмұрт тәрізді дөңгелек, мойны цилиндр тәрізді төмен орналасқан; б) денесі сфера тәрізді, ал мойны тар болып келеді; в) шәйнек тәрізді ыдыстар, сыртқы формасы сфераға ұқсас, шүмегі және ілмек тәрізді тұтқасы бар құмыралар. Осындай формадағы ыдыстар Жетісу, Оңтүстік Қазақстан (X–XII ғғ.) өңірлерінен табылған [Сенигова 1976: 147].

**Қазандар.** Қазандар – асүйлік ыдыстардың ішінде ең жиі кездесетін түрі. Ортағасырлық Қастек қаласынан табылған қазандардың 2 түрі кездеседі: құмыра тәрізді немесе сфера пішінді, құм араласқан қызыл саздан жасалған және шамот қосылған – өнімге отқа төзімділік беру үшін қосымша қоспалар қосылған.

Қазандар тұтқасы, ернеуі мен пішіні жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Қазандардың барлығы жапсырма арқылы, құрамына майда құм және қиыршық тас араластырылып, бірқалыпты күйдіріліп жасалған. Бұл ыдыс түрі үнемі ошақта пайдаланғандықтан, барлық табылған қазандардың сыртын қара күйе жапқан.

Қазандардың тұтқалары бүйіріне бастырылып бекітілген. 1 – тұтқасының формасы жуан және доға тәрізді орындалған. 2 – қазанның тұтқасы ортасы мен екі ұшы саусақпен бастырылып белдеуленген. Қазандардың ернеулері негізінен ішке иіліп келіп тік аяқталған. Ернеуінің үсті тегіс. Табылған екі қазанның бір-бірінен ерекшелігі тұтқаларында, ал ернеулері бір-біріне ұқсас. Бүйірі мен түбіне күйе жағылғанына қарағанда қазан түбімен тікелей ошақта тұрғанын білдіреді (6-сур.).




6-сур. Қастек қаласы. Қазанның түрлері  
Fig. 6. Kastek settlement. Types of cauldrons  
Рис. 6. Городище Кастек. Типы казанов



Ортағасырлық Құлан қаласынан табылған қазандар шар тәрізді келген дөңгелек немесе жалпақ түпті болып келеді. Мойынсыз, ернеуі дөңгеленген, қазан бүйіріне доға тәрізді тұтқасы бекітілген. Кейде тұтқасына саусақ ізі немесе қиғаш кертпелер түсірілген [Кузнецова, Нуржанов 2009: 26]. Зерттеуші И. Ахраров Ферғанадан табылған қазандарды (IX–X ғғ.) сипаттай келе, олардың ернеуі мен мойны тар болып келетін бұл ыдыстар негізінен сұйық тағамды дайындауға бейімделген [Ахраров 1966: 129] деп көрсетеді.

*Қазанға арналған қақпақтар.* Қақпақтар қолдану аясына және көлеміне қарай құтыларға, қазандарға, құмдар мен тандыр ошақтарына арналған болып бөлінеді [Ақымбек 2015: 104]. Ортағасырлық Қастек қаласынан 2018 ж. қазанға арналған қақпақтардың жиынтығы табылды. Ұсынылған бұйымдар тегіс және қайқы келген. Барлығы да өрнектелген, өрнектер түтікшемен, қатты затпен бастырылып салынған. Табылған барлық қақпақтардың қабырғасының қалыңдығы – 0,8-1,5 см аралығында болады.

Қазан қақпақтарының екі түрін ұсынамыз: 1) қақпақтың шеті толқын тәрізді сызықпен жиектелген. Жалпы бұйымның көп бөлігін толқынды өрнекпен безіндірген. Орта жағы нүктелі ою-өрнекпен көмкерілген. Қабырғасының қалыңдығы – 0,8 см (7-сур.). Құрамы: сазды құм және органикалық заттар. Бұйымның диаметрін анықтау мүмкін болмады. 2) қақпақтың сырты үзік сызықпен жиектелген. Бұйымның негізгі бөлігі толықтай дөңгелек ою және толқынды болып келеді. Қабырғасының қалыңдығы – 1 см. Құрамы: қызыл саз және құм. Бұл бұйымның 1.1 түріне қарағанда ерекшелігі – тұтқасының болуы. Тұтқасының биіктігі – 3 см (7-сур.). Тұтқасы қолға ұстауға ыңғайлы және үсті тегіс болып келген.



7-сур. Қастек қаласы. Қазанның қақпағы  
Рис. 7. Городище Кастек. Крышки от казанов  
Fig. 7. Kastek settlement. Cauldron lids

Қазанға арналған қақпақтар асүйлік бұйым ретінде жиегінің төменгі жағын күйе жапқан күйінде жиі кездеседі. Олар тегіс не сәл ғана дөңестеу болып келеді. Қақпақтар ас әзірлеуде әртүрлі ыдыстарға ашық отта жабуға арналған. Олар тұрпайы саз балшыққа қоспа қосу арқылы дөрекі түрде қолмен жасалынған.

Бұйымдарды әсемдеу үшін оның бетіне түрлі бедерлер мен өрнектер салынған. Барлық қақпақ бөліктерді сәндеуде сызықты, толқынды және нүктелік өрнектер арқылы бедерленген. Қақпақ тұтқаларының бірнеше түрі бар: үсті тегіс, түбінен жоғары кішірейген, сопақша келген және ұстауға ыңғайлы болу үшін саусақпен бастырылған. Бұл өрнектеудің түрі аса күрделі болып табылмайды. Е.Ш. Ақымбектің еңбегінде өрнек салудың бірнеше түрлері көрсетіледі. Соның ішінде күрделі емес түрі – баспа әдісі арқылы жүргізу. Бұл баспа өрнек әр түрлі диаметрдегі түтікшелер арқылы түсірілген. Өрнектер асханалық ыдыстардың тұтқалары мен қақпақтардың бетіне түсірілуі жиі кездеседі. Өрнектеу жұмыстарына қажетті құралдар: қамыс, сүйек, ағаш т.б. қолданылды [Ақымбек 2016: 93]. Осылайша, ортағасырлық қалалардың керамикаларына қарап, қыш бұйым жасау технологиясының өте жақсы дамығандығын көреміз. Сазды өндеуден бастап,




бұйым жасауға дейінгі үдерістің күрделі дәрежеде болғандығын қыш бұйымдардың пішінделуі, сыртында, не ішіндегі саусақ іздері, болмаса бетіне түсірілген ою-өрнектері және т. б. осыны көрсетеді. Әрбір ыдыс түрін пішіндеуге арнайы саздың дайындалатындығы және ыдыстың түріне қарай пішінделудің тәсілдерінің қолданылатындығы белгілі болды [Ақымбек 2016: 574].

*Рәсімдік ыдыстар.* Ортағасырлық Қастек қаласына жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған керамика кешенінде тұрмыс және шаруашылықта қолданылатын қыш бұйымдардан бөлек діни рәсімдерді орындау мақсатында қолданылған ыдыстар да бар. X–XI ғғ. жататын мұндай ыдыс 2018 ж. қазба жұмыстарында табылды.

Ыдыстың қақпағы бекітілген күйде, ал шүмегі су төгу қызметін атқармайды. Ал ыдыстың мойын жағында саңылау бар. Бұл ыдыстың белгілі бір шаруашылықта емес, тек салттық мақсатта қолданылған деген қорытынды жасауға болады. 2012–2013 жж. жүргізілген қазба барысында осыған ұқсас ыдыс бүтін күйінде табылған болатын.

1. 2018 ж. табылған бұл ыдыстың сыртқы безендірілуі өте жақсы сақталған. Сыртында мойын жағында толқын әрі сызықты өрнек салынған. Қақпағы толқын тәрізді оюмен безендірілген [Нуржанов 2020: 10]. Бұл ыдыс діни рәсімдерді орындау кезінде қолданылған (8, 1-сур.).



8-сур. Қастек қаласынан табылған рәсімдік ыдыстар ([Нуржанов, Терновая 2014: 153]: бойынша)

Рис. 8. Городище Кастек. Культовые сосуды (по: [Нуржанов, Терновая 2014: 153])

Fig. 8. The cult vessels of the Kastek settlement (by: [Nurzhanov, Ternovaya 2014: 153])

2. 2013 ж. қазба жұмыстары кезінде табылған ыдыстың ерекшелігі оны тек құрбандық ыдысы ретінде ғана қолданған. Бүйір жағындағы тесігі арқылы ыдыстың ішіне ұсақ заттарды салу мүмкін. Шахристанның оңтүстік-батыс мұнарасы жанында орналасқан және ішкі бекініс қабырғасына жақын орналасқан № 1 қазбадан табылды. Бұл ыдыстың биіктігі – 22 см. Шүмегі мен тұтқасы бар ыдыс X–XI ғғ. жататын қарахан кезеңіне тән қабаттан табылған [Нуржанов, Терновая 2014: 153] (8, 2-сур.).

Қала аумағында X–XI ғғ. жататын құрбандық орнынан табылған құмыра сыртқы безендірілуі мен жасалу технологиясына байланысты ерекшеленді. Құмыра – мағыналық және қызметтік (функционалдық) жағынан үлкен мәнге ие. Археолог Е. Смағұлов мұндай сипаттағы қыш бұйымдарды V ғ. және X–XI ғасырда өмір сүрген халықтар арасында табынушылық мақсатта қолданылғанын жаза келе, автор мұндай заттардың табылуын «материалдық мәдениеттегі жаңа құбылыс» деп санады [Смағұлов 2011: 35].

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалаларынан табылған керамикалардың ішінде «шүмегі» бар ыдыстар да кездеседі. Шүмектегі саңылаудың болғанына қарамастан ол ағызу



қызметін атқармаған. Ыстың іші ешқандай затпен толтырылмаған. Діни заттың белгілі бір жеріндегі тесік семантикалық мазмұнды жеткізуге ғана емес, сонымен қатар жарықтың енуіне және ішіндегі заттың шығуына да қызмет етті. Ұқсастығы бойынша рәсімдік бұйымдар Күйік-Мардан (VIII–IX ғғ.) түйе бейнесі бейнеленген [Байпаков, Терновая 2005: 208]; Отырар ауданында орналасқан ортағасырлық Алтынтөбе қаласынан табылған (VIII–IX ғғ.) рәсімдік ыдыста жануардың арқасында орналасқан шыныаяққа тесік жасалған [Смагулов 2011: 36]. Табылған керамикалық бұйымдар фрагмент түрінде болса да, біздің уақытымызға дейін жетіп, сақталған. Зерттеуші-археолог Е. Смагулов мұндай ыдыстарды ресми түрде «жоғарғы мойын бөлігінде аузы мен саңылауы бар ғибадат ыдыстарына жатқызуға болады» (\*аудармасы автордікі – ред.) [Смагулов 2011: 35] деп көрсетеді.

Ортағасырлық қалаларда көзешілік кәсіп ең маңызды қолөнер саласы болды. Оның дамуын сан алуан пішіндегі ыдыс-аяқтардың табылуынан көреміз. Бұл кәсіп түрінің күнделікті өмірдің өзі талап еткендігінен білуге болады.

Жалпы, ортағасырлық Ақтөбе, Шелек, Еңбекші, Қастек, Талғар т. б. қалаларынан табылған қыш бұйымдардың типологиясы мен жасау технологиясында көптеген ұқсастықтар бар. Осы өңірден табылған керамикаларға одан әрі салыстырмалы талдау (техникалық-технологиялық және типологиялық зерттеу негізінде) жүргізу осы өңірдің қыш қолөнерінің нақтыланған даму тарихын зерттеуге болатын жаңа деректерді анықтауға мүмкіндік береді.

### *Қорытынды*

Ортағасырлық Қастек қаласының керамикасын топтау және салыстырмалы талдау арқылы кешенді зерттеу жұмысын жүргізу нәтижесінде оның даму деңгейі жөнінде ғылыми мәліметтер алынды. Ыдыстардың пішінделуі мен өрнектелуі және жаңа түрлерінің пайда болуы көбіне саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты болды. Қаланың мәдени қабатына жасалған зерттеулерде керамика өндірісінің гүлденген кезеңі – Қарахан кезеңіне сәйкес келеді. Бұл кезеңде керамика өндірісі дами түсті, жаңа ыдыстардың түрлері пайда болды. Бұл бір жағынан Ұлы Жібек жолының тармақтары осы аймақ арқылы өтуімен түсіндірілсе, екінші жағынан көршілес орналасқан қалалармен синхронды байланыс процесінің болуымен байланысты. Ортағасырлық Қастек қаласының керамикасының типологиясы Іле алқабындағы қалалардың керамикалық материалдарымен ұқсас. Қыш бұйымдарға одан әрі салыстырмалы талдаулар жүргізу жаңа деректерді анықтауға мүмкіндік береді.

Ортағасырлық Қастек қаласында жүргізілген қазба жұмыстары барысында күнделікті өмірге қажетті қыш бұйымдардың көптеген түрлерінің (құмыралар, қазан, тостақ (чаша), кеселер, көзе, көзелек, саптыаяқтар, табақтар т. б.) табылуын ескерсек, қала өзі өмір сүріп тұрған уақытта көзе өндірісінің ірі орталығы болғандығын көреміз. Керамика кешеніне жасалған зерттеулер қаланың өмір сүруінің осы кезеңдерінде кәсібі мен қолөнерінің дамығандығын көрсетті.

### **ӘДЕБИЕТ**

1. *Ақымбек Е.Ш.* Ортағасырлық Ақтөбе қаласының керамикасы (VI ғ. – XIII ғ. басы): философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2015. 208 б.
2. *Ақымбек Е.Ш.* Керамикалардың сыртын өңдеу және әсемдеу үдерісін талдау (Ортағасырлық Ақтөбе қаласы материалдары бойынша) // Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Халық – тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы «Археологиядағы зерттеудің жаңа әдістері» атты халық. ғыл.-тәжірибелік конф. м-лы (Алматы қ., 30 қараша 2016 ж.) / Жауап. ред. Бексеитов Ғ.Т. Алматы: Қазақ университеті, 2016. 92-94-бб.



3. Ақымбек Е.Ш. Керамикаларды пішіндеу технологиясы үдерісін талдау (Ортағасырлық Ақтөбе қаласы материалдары бойынша) // Еуразия археологиясының өзекті мәселелері: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 25 жылдығына арналған халықаралық ғыл.-тәж. конф. м-лы (Алматы қ., 18–19 қазан 2016 ж.) / Жауап. ред. Байтанаев Б.А. Алматы: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, 2016. 567-575-66.
4. Ахраров И. Кухонная керамика Ферганы IX–X вв. // ИМКУ. 1966. Вып. 7. С. 125-132.
5. Байпаков К.М., Воякин Д.А., Акылбек С.Ш. Городище Кок-Мардан. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2006. 80 с.
6. Байпаков К.М., Терновая Г.А. Религии и культы средневекового Казахстана (по материалам городища Куйрыктобе). Алматы: БАУР, 2005. 236 с.
7. Кузнецова О.В., Нуржанов А.А. Средневековый город Мерке (Мирки). Алматы: Мектеп, 2009. 128 с.
8. Нуржанов А.А. Культовый сосуд карлуков-несторинцев из городища Кастек // Народы и религии Евразии. 2017. Вып. 1-2 (10-11). С. 14-22.
9. Нуржанов А.А. Керамика с зооморфными и антропоморфными признаками с городища Кастек-1 // Народы и религии Евразии. 2020. № 1 (22). С. 7-28.
10. Нуржанов А.А., Акымбек Е.Ш. Средневековое городище Кастек-1 // Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги, перспективы: м-лы междунар. науч. конф., посвящ. 20-летию независимости Республики Казахстан и 20-летию Института археологии им. А.Х. Маргулана КН МОН РК (г. Алматы, 12–15 декабря 2011 г.). В 3-х т. / Гл. ред. Байтанаев Б.А., отв. ред. Бейсенов А.З. Алматы: Ин-т археологии им. А.Х. Маргулана, 2011. Т. III. С. 80-87.
11. Нуржанов А.А., Калдыбаева Г.А. Археологические исследования средневекового города Кастек в Жетысу // Культура и религия на Великом шелковом пути: м-лы междунар. науч.-практ. конф. посвящ. 80-ти летию академика НАН РК К.М. Байпакова (г. Алматы, 12 ноября 2020 г.) / Отв. ред. Байпакова Л.К. Алматы, 2020. С. 118-134.
12. Нуржанов А.А., Терновая Г.А. Находка культового сосуда на городище Кастек в 2013 году // Религия в истории народов России и Центральной Азии: м-лы 2-й междунар. конф. (г. Барнаул, 29–31 октября 2014 г.) / Отв. ред. Дашковский П.К. Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2014. С. 153-157.
13. Нуржанов А.А., Терновая Г.А. Находка керамического сосуда с росписью на городище Кастек-1 в 2019 г. // Народы и религии Евразии. 2021. Т. 27. № 2. С. 7-23.
14. Савельева Т.В. Средневековые города и поселения северо-восточного Жетысу (Семиречья): дис. ... докт. ист. наук. Алматы, 1999. 270 с.
15. Савельева Т.В., Нуржанов А.А., Акымбек Е., Кузнецова О., Шарденова З., Сейфулина А. Отчет о НИР «Урбанизация Жетысу как один из факторов формирования древнетюркских государств: Западнотюркский, Тюргешский, Карлукский каганаты, Караханидское и Чагатаидское ханства (по материалам археологии)». Алматы, 2012. 89 л. // Архив ИА КН МОН РК. Д. 3108.
16. Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. Монография. Алма-Ата: Наука, 1972. 228 с.
17. Смагулов Е.А. К изучению культовых атрибутов V–X вв. на средней Сырдарье // Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги, перспективы. М-лы междунар. науч. конф. (г. Алматы, 12–15 декабря 2011 г.). В 3-х т. / Гл. ред. Байтанаев Б.А., отв. ред. Бейсенов А.З. Алматы: Ин-т археологии им. А.Х. Маргулана, 2011. Т. III. С. 35-41.

#### REFERENCES

1. Akymbek, E. Sh. 2015. *Ortagasyrlyk Aqtobe kalasynyn keramikasy (VI g. – XIII g. basy) (Ceramics of the medieval settlement of Aktobe (6<sup>th</sup> century – the beginning of the 13<sup>th</sup> century)*. Almaty (in Kazakh).
2. Akymbek, E. Sh. 2016. In: Bekseitov, G. T. (ed.). *Arheologiyadagy zertteudin zhana adisteri (New research methods in archaeology)*. Almaty: Kazak universiteti, 92-94 (in Kazakh).
3. Akymbek, E. Sh. 2016. In: Baitanayev, B. A. (ed.). *Euraziya arheologiyasynyn ozekti maseleleri (Current problems of Archaeology of Eurasia)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 567-575 (in Kazakh).
4. Akhrarov, I. 1966. In: *Istoriya materialnoy kultury Uzbekistana (History of material culture of Uzbekistan)*, 7, 125-132 (in Russian).





5. Baipakov, K. M., Voyakin, D. A., Akylbek, S. Sh. 2006. *Gorodishche Kok-Mardan (The settlement of Kok-Mardan)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology (in Russian).
6. Baipakov, K. M., Ternovaya, G. A. 2005. *Religii i kul'ty srednevekovogo Kazakhstana (po materialam gorodishcha Kuiryktobe) (Religions and cults of medieval Kazakhstan (based on the materials of the Kuyryktobe settlement))*. Almaty: "BAUR" Publ. (in Russian).
7. Kuznetsova, O. V., Nurzhanov, A. A. 2009. *Srednevekovyi gorod Merke (Mirki) (The medieval town of Merke (Mirki))*. Almaty: "Mektep" Publ. (in Russian).
8. Nurzhanov, A. A. 2017. In: *Narody i religii Evrazii (Nations and religions of the Eurasia)*, 1-2 (10-11), 14-22 (in Russian).
9. Nurzhanov, A. A. 2020. In: *Narody i religii Evrazii (Nations and religions of the Eurasia)*, 1 (22), 7-28 (in Russian).
10. Nurzhanov, A. A., Akymbek, E. Sh. 2011. In: Baitanayev, B. A., Beisenov, A. Z. (eds.). *Arheologiya Kazakhstana v epohu nezavisimosti: itogi, perspektivy (Archaeology of Kazakhstan in the era of independence: results, prospects)*. Vol. III. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 80-87 (in Russian).
11. Nurzhanov, A. A., Kaldybayeva, G. A. 2020. In: Baipakova, L. K. (ed.). *Kultura i religiya na Velikom shelkovom puti (Culture and Religion on the Great Silk Road)*. Almaty, 118-134 (in Russian).
12. Nurzhanov, A. A., Ternovaya, G. A. 2014. In: Dashkovskiy, P. K. (ed.). *Religiya v istorii narodov Rossii i Tsentralnoy Azii (Religion in the History of the Peoples of Russia and Central Asia)*. Barnaul: Altay University, 153-157 (in Russian).
13. Nurzhanov, A. A., Ternovaya, G. A. 2021. In: *Narody i religii Evrazii (Nations and religions of the Eurasia)*, 2, 7-23 (in Russian).
14. Savelyeva, T. V. 1999. *Srednevekovye goroda i poseleniya severo-vostochnogo Zhetysu (Semirechiya) (Medieval towns and settlements of northeastern Zhetysu (Semirechye))*. Almaty (in Russian).
16. Savelyeva, T. V., Nurzhanov, A. A., Akymbek, E. Sh., Kuznetsova, O. V., Shardenova, Z., Seifulina, A. 2012. In: *Archive of Margulan Institute of Archaeology*, d. 3108 (in Russian)
16. Senigova, T. N. 1972. *Srednevekovyi Taraz (Medieval Taraz)*. Alma-Ata: "Nauka" Publ. (in Russian).
17. Smagulov, E. A. 2011. In: Baitanayev, B. A., Beisenov, A. Z. (eds.). *Arheologiya Kazakhstana v epohu nezavisimosti: itogi, perspektivy (Archaeology of Kazakhstan in the era of independence: results, prospects)*. III. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 35-41 (in Russian).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.  
/ Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.  
/ Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.  
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.  
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 14.02.2022.  
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 26.03.2022.  
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 26.03.2022.



## Карагандинская школа археологии: научное наследие В.В. Евдокимова

©2022 г. Бедельбаева М.В., Ломан В.Г.

**Keywords:** archaeology, Bronze Age, V. Evdokimov, Upper Tobol River region, Eastern Saryarka, Karagandy school of Archaeology, settlements, burial grounds, paleodemography, historical environment

**Түйін сөздер:** археология, қола дәуірі, В.В. Евдокимов, Жоғарғы Тобыл, Шығыс Сарыарқа, Қарағанды археология мектебі, қоныстар, қорымдар, палеодемография, тарихи орта

**Ключевые слова:** археология, эпоха бронзы, В.В. Евдокимов, Верхнее Притоболье, Восточная Сарыарка, Карагандинская школа археологии, поселения, могильники, палеодемография, историческая среда

**Marina Bedelbayeva<sup>1</sup>, Valeriy Loman<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Corresponding author, Candidate of Historical Sciences, Head of the Museum of Archaeology and Ethnography, Saryarka Archaeological Institute, Academician E.A. Buketov Karagandy University, Karagandy, Kazakhstan. E-mail: [bmv\\_1967@mail](mailto:bmv_1967@mail)

<sup>1</sup>Candidate of Historical Sciences, Director of the Saryarka Archaeological Institute, Academician E.A. Buketov Karagandy University, Karagandy, Kazakhstan. E-mail: [lv7@yandex.ru](mailto:lv7@yandex.ru)

### **Karagandy School of Archaeology: scientific heritage of V. Evdokimov**

**Abstract.** The article is devoted to the generalization of the scientific views of the famous scientist, Doctor of Historical Sciences Valeriy Evdokimov (1942–2021). A graduate of the Ural State University, he became interested in archaeology as a student and participated in the excavation of sites of the Urals and Western Siberia, where his mentor was an outstanding scientist V. Gening. In the late 60s of the 20<sup>th</sup> century, V. Evdokimov organized the Kustanay archaeological expedition, and since 1978 he led the archaeological expedition of Karaganda University and surveys began to be conducted within the steppe zone of Central Kazakhstan, which made it possible to make a great contribution to the study of the ancient history of the region. Many key discoveries (the Yamnaya burial in the Karagash burial ground, the unique tomb of the Satan burial ground with the remains of a wooden chariot, etc.), as well as systematic research of the Kent settlement were carried out during this period. The model of calculation of paleodemographic variables created by V. Evdokimov made it possible to form a holistic vision of the social history of society of the Bronze Age, and the introduction by scientists of the concept of “historical environment” updated the study of the life support system of ancient communities in conditions of interaction with the environment, which is currently a key methodological concept in archaeology. The organizational talent of V. Evdokimov contributed to the formation and development of the Karagandy school of Archaeology. Professional training, formation, successful defense of candidate and doctoral dissertations of more than a dozen well-known archaeologists are directly connected with his name. The international community recognizes numerous scientific and pedagogical achievements of V. Evdokimov.

**Citation:** Bedelbayeva, M., Loman, V. 2022. Karagandy School of Archaeology: scientific heritage of V. Evdokimov. *Kazakhstan Archeology*, 1 (15), 82-97 (in Russian). DOI: [10.52967/akz2022.1.15.82.97](https://doi.org/10.52967/akz2022.1.15.82.97)



**Беделбаева Марина Васильевна<sup>1</sup>,  
Ломан Валерий Григорьевич<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>корреспондент авторы, тарих ғылымдарының кандидаты, археология және этнография музейінің меңгерушісі, Сарыарқа археологиялық институты, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан.

E-mail: [bmv\\_1967@mail.ru](mailto:bmv_1967@mail.ru)

<sup>1</sup>тарих ғылымдарының кандидаты, Сарыарқа археологиялық институтының директоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан. E-mail: [lvg7@yandex.ru](mailto:lvg7@yandex.ru)

**Қарағанды археология мектебі:  
В.В. Евдокимовтың ғылыми мұрасы**

**Аннотация.** Мақала белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы Валерий Валентинович Евдокимовтың (1942–2021 жж.) ғылыми көзқарастарын жинақтауға арналған. Орал мемлекеттік университетінің түлегі, ол студент кезінен бастап археологияға қызығушылық таныты және оның тәлімгері көрнекті ғалым В.Ф. Генинг болған Орал мен Батыс Сібір ескерткіштеріндегі қазба жұмыстарына қатысты. ХХ ғасырдың 60-шы жылдарының соңында В.В. Евдокимов Қостанай археологиялық экспедициясын ұйымдастырды, ал 1978 жылдан бастап Қарағанды университетінің археологиялық экспедициясын басқарды және Орталық Қазақстанның далалық аймағы шегінде жүргізілген барлау жұмыстары бұл аймақтың ежелгі тарихын зерттеуге үлкен үлес қосуға мүмкіндік берді. Көптеген негізгі ашылымдар (Қарағаш қорымындағы шұңқырлы жерлеу, ағаш күйме қалдықтарымен Сатан қорымындағы бірегей жерлеу және т.б.), сондай-ақ Кент қонысындағы жоспарлы зерттеу дәл осы кезеңде жүзеге асырылды. В.В. Евдокимов жасаған палеодемографиялық ауыспалыларды есептеу үлгісі қола дәуіріндегі қоғамның әлеуметтік тарихына біртұтас көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік берді, ал ғалымдардың ғылыми айналымға енгізген «тарихи орта» ұғымы қоршаған ортамен өзара әрекеттесу жағдайында ежелгі социумдардың тіршілігін қамтамасыз ету жүйесін зерттеуді жандандырды, бұл қазіргі уақытта археологиядағы негізгі әдіснамалық тұжырымдама болып табылады. В.В. Евдокимовтың ұйымдастырушылық қыры Қарағанды археология мектебінің қалыптасуы мен дамуына ықпал етті. Оннан астам белгілі зерттеуші ғалымдардың кәсіби дайындығы, қалыптасуы, кандидаттық және докторлық диссертацияларды сәтті қорғауы оның есімімен тікелей байланысты. В.В. Евдокимовтың көптеген ғылыми және педагогикалық еңбектері халықаралық қауымдастық тарапынан мойындалған.

**Сілтеме жасау үшін:** Беделбаева М.В., Ломан В.Г. Қарағанды археология мектебі: В.В. Евдокимовтың ғылыми мұрасы. *Қазақстан археологиясы*. 2022. № 1 (15). 82-97-бб. (Орысша). DOI: [10.52967/akz2022.1.15.82.97](https://doi.org/10.52967/akz2022.1.15.82.97)

**Беделбаева Марина Васильевна<sup>1</sup>,  
Ломан Валерий Григорьевич<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>автор-корреспондент, кандидат исторических наук, заведующая музеем археологии Сарыаркинского археологического института при Карагандинском университете им. академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Казахстан. E-mail: [bmv\\_1967@mail.ru](mailto:bmv_1967@mail.ru)

<sup>1</sup>кандидат исторических наук, директор Сарыаркинского археологического института при Карагандинском университете им. академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Казахстан. E-mail: [lvg7@yandex.ru](mailto:lvg7@yandex.ru)

**Карагандинская школа археологии:  
научное наследие В.В. Евдокимова**

**Аннотация.** Статья посвящена обобщению научных взглядов известного учёного, доктора исторических наук Валерия Валентиновича Евдокимова (1942–2021 гг.). Выпускник Уральского государственного университета, он уже в студенческие годы увлекся археологией и участвовал в раскопках памятников Урала и Западной Сибири, где его наставником был выдающийся учёный В.Ф. Генинг. В конце 60-х гг. ХХ в. В.В. Евдокимов организовал Кустанайскую археологическую экспедицию, а начиная с 1978 г. руководил археологической экспедицией Карагандинского университета, и изыскания стали проводиться в пределах степной зоны Центрального Казахстана, что позволило внести большой вклад в изучение древнейшей истории региона. Многие ключевые открытия (ямное погребение в могильнике Карагаш, уникальное погребение могильника Сатан с остатками деревянной колесницы и др.), а также планомерные исследования поселения Кент были осуществлены именно в этот период. Созданная В.В. Евдокимовым модель исчисления палеодемографических переменных позволила сформировать целостное видение социальной истории общества эпохи бронзы, а введение учёным в научный оборот понятия «историческая среда» актуализировало изучение системы жизнеобеспечения древних социумов в условиях взаимодействия с окружающей средой, что в настоящее время является ключевым методологическим концептом в археологии. Организаторский талант В.В. Евдокимова способствовал формированию и развитию карагандинской школы археологии. Профессиональная подготовка, становление, успешная защита кандидатских и докторских диссертаций более десятка известных учёных-археологов непосредственно связаны с его именем. Многочисленные научные и педагогические заслуги В.В. Евдокимова признаны международным сообществом.

**Для цитирования:** Беделбаева М.В., Ломан В.Г. Карагандинская школа археологии: научное наследие В.В. Евдокимова. *Археология Казахстана*. 2022. № 1 (15). С.82-97. DOI: [10.52967/akz2022.1.15.82.97](https://doi.org/10.52967/akz2022.1.15.82.97)



*Введение*

Профессиональная карьера Валерия Валентиновича Евдокимова (рис. 1) в течение всей жизни всегда была связана именно с вузовской, а не академической наукой. Возможно, истоки этого уходят в его юность, когда он, будучи студентом исторического факультета Уральского государственного университета, вместе с однокурсниками Г.Б. Здановичем, С.Я. Медведчук (Зданович), Б.Б. Овчинниковой, Ю.М. Кутаковым и др. участвовал в археологических исследованиях памятников Урала и Западной Сибири. Их наставником был выдающийся советский ученый В.Ф. Генинг, который смог вдохновить молодежь на археологическую стезю и научный поиск (рис. 2). По всей видимости, именно тогда В.В. Евдокимов увидел полноценное научное сотворчество преподавателя и студентов, высокий исследовательский потенциал вузовской науки и это стало примером для создания в будущем Карагандинской школы археологии в стенах университета.

Совмещая научно-исследовательскую деятельность в археологии и преподавание в педагогическом институте г. Кустанай в конце 1960–начале 1970-х гг., он организовал Кустанайскую археологическую экспедицию. С 1976 по 2020 гг. В.В. Евдокимов работал в Карагандинском университете, возглавив деятельность экспедиции по исследованию памятников Восточной Сарыарки. Благодаря его научному потенциалу и организационному таланту сформировались карагандинская школа археологии и ее исследовательский дух. Подготовка и становление более десятка извест-

ных ученых-археологов, успешная защита их кандидатских и докторских диссертаций в ведущих научных центрах Казахстана и России непосредственно связаны с именем В.В. Евдокимова [Бедельбаева, Усманова 2017: 186–194].

Показателен факт назначения В.В. Евдокимова на должность проректора по учебной работе Карагандинского университета, которую он занимал с 1986 по 1991 гг. Это свидетельствовало о признании его авторитета как опытного вузовского преподавателя и принципиального человека с высокими лидерскими качествами. Так, впервые в советское время профессиональный археолог стал одним из руководителей ведущего вуза Казахстана.

Научно-педагогические достижения В.В. Евдокимова были отмечены награждением нагрудным знаком «Почетный работник образования РК» (2005 г.), юбилейной медалью «40 лет КарГУ им. академика Е.А. Букетова» (2012 г.), присвоением звания «Заслуженный работник Карагандинского государственного университета им. академика Е.А. Букетова» (2010 г.).

*Основные исследования ученого*

